



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Шанхайға жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында Президент Дүниежүзілік жасанды интеллект жөніндегі конференцияға қатысып, сөз сөйледі.



Шанхайда өтіп жатқан дәстүрлі жиын биыл «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналды.

Мемлекет басшысы бұл конференция Қытайдың жасанды интеллект саласындағы айтулы жетістіктерін айқын көрсететінін атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН



Мемлекет басшысы Таиланд Премьер-министрімен кездесу өткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхайдағы жұмыс сапары аясында Таиланд Премьер-министрі Анутин Чарнвиракулмен кездесті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Таиландты Азиядағы басты серіктестердің бірі ретінде қарастыратынын атап өтті.

Президент екі елдің экономикалық ықпалдастығының келешегін жоғары бағалады. Биыл төрт айда тауар айналымы былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 76 пайызға ұлғайып, 110 миллион доллардан асқан. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аталған көрсеткішті әлі де арттыра түсуге болады. Әсіресе сауда-саттық көлемін аграрлық өнімдерді жеткізу есебінен ұлғайтуға мол мүмкіндік бар.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында екі ел үкіметтері арасындағы байланысты жандандыруды ұсынды.

Ынтымақтастықты жандыратын саланың бірі – туризм. Таиланд Қазақстан азаматтары үшін ең танымал бағыттардың қатарына кіреді. Өткен жылдың өзінде бұл елге 150 мыңнан аса отандасымыз барған. Қазақстанда Таиланд азаматтарына демалыстың бірегей мүмкіндіктерін, соның ішінде қысқы туризм қызметін ұсына алады.

Анутин Чарнвиракул елінің өзара мүддеге сай көптеген мәселе бойынша ықпалдастықты арттыруға ниетті екенін мәлімдеді.

Оның айтуынша, Бангкок экономика, сауда, цифрландыру және туризм салаларындағы әріптестікке тың серпін беру қажет деп санайды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Анутин Чарнвиракулды Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.



САЯСИ ДИАЛОГ ЖАНДАНҒАН КЕЗЕҢ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясына қатысуға шақырғаны үшін Төраға Си Цзиньпинге алғыс айтып, осы іс-шараның Шығыстың інжу-маржаны – Шанхай қаласында ұйымдастырылуы символдық мәнге ие екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасын Қытай Коммунистік партиясының құрылғанына 105 жыл толуымен құттықтады.

– Қытайдың халықаралық қауымдастық алдындағы беделі зор және оның жетістіктерін бүкіл әлем мойындайды. Қазір еліңізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды өзгерістерді біріміз үлкен қызығушылықпен қараймыз. Бұл, ең алдымен, Сіздің көреген басшылығыңыз бен қажырлы еңбегіңіздің арқасы деп санаймын. Өзіңізді халқын алға бастап келе жатқан тегеурінді көшбасшы және жаһандық деңгейдегі парасатты саясаткер ретінде ерекше құрметтеймін. Сіз көтерген игі бастамаларды қолдауға әрқашан дайынбыз.

Қазақстан Қытаймен мәңгілік әрі стратегиялық серіктестікті жан-жақты нығайта беруге қашанда мүдделі. Кейінгі жылдары мемлекеттеріміз арасындағы саяси диалог айтарлықтай жандана түсті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, тауар сауда-экономикалық салада мол табысқа қол жеткізді. Қытай – Қазақстанның ірі сауда серіктесі. Осы уақытқа дейін ҚХР еліміздің экономикасына 30 миллиард доллар инвестиция салды. Былтыр екіжақты сауда-саттық көлемі 49 миллиард долларға жетті. Қазір Қазақстанда 8,5 мыңнан аса Қытай компаниясы жемісті жұмыс істеп жатыр. Өнеркәсіп, энергетика, газ-химия, машина жасау және ауыл шаруашылығы секілді экономиканың түрлі секторында бірлескен ірі жобалар жүзеге асырылуда.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық байланыс жылдан-жылға нығайып келе жатқанына тоқталды.

– Былтыр Қазақстанға 1 миллионнан астам Қытай азаматы сапарлап келді. Екі ел астаналарында мәдени орталықтар ашылды. Елімізде Лу Бань шеберханалары табысты жұмыс істеуде. Бұл – қос халықтың арасында қалыптасқан достық пен өзара сенімнің тағы бір айғағы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы халықаралық аренадағы ықпалдастықтың жоғары деңгейіне назар аударды. Екі мемлекеттің жаһандық орнықты даму және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне қатысты ұстанымдары – ортақ.

Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, «Орталық Азия – Қытай» форматы аясында тиімді байланыстар орнаған.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Қазақстан Президентіне ілтипат білдіріп, екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға орайлы мүмкіндік туып отырғанына назар аударды.

– Бірлескен күш-жігердің арқасында Қытай мен Қазақстанның мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігі жоғары деңгейге жетті. Өзара ықпалдастықты дамытудың әлеуеті өте зор. Қазақстан Президенті Қытаймен достық саясат жүргізіп отыр. Бұл халықтарымыздың мүддесіне сай келеді, – деді Си Цзиньпин.

Сонымен қатар КХР Төрағасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды өзгерістерге жоғары баға беріп, жана Конституцияның қабылдануымен құттықтады және алдағы Құрылтай сайлауына сәттілік тіледі.

Мемлекеттер басшыларының кездесуі аяқталған соң Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы 2027-2030 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына және жол картасына қол қойылды.

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Камбоджа Премьер-министрімен кездесті.

Шанхайда өткен Дүниежүзілік жасанды интеллект жөніндегі конференция аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Камбоджа Премьер-министрі Хун Манетпен кездесті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Камбоджамен берік достыққа және өзара құрметке негізделген серіктестікті жоғары бағалайтынын жеткізді. Қазақстан Президенті екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастыққа тың серпін беру үшін әлеует мол екенін атап өтті.

Президенттің пікірінше, тауар айналымын арттыратын перспективті бағыттар қатарына ауыл шаруашылығы, тоқыма өндірісі, туризм, құрылыс, тағам өнеркәсібі, көлік-логистика салалары кіреді.

Атап айтқанда, еліміз бидай, тыңайтқыш және басқа да аграрлық өнімдер тасымалын ұлғайтуға әзір. Бұдан бөлек, БҰҰ электрондық үкіметті дамыту индексындағы үздік 24 елдің сапына енетін Қазақстан озық технология саласындағы тәжірибесімен бөлісе алады.

Премьер-министр Хун Манет Камбоджаның Қазақстанмен қарым-қатынасты нығайтуға мүдделі екенін растады. Ол екі елдің үкіметтері мен іскер



топтары арасындағы байланыстарды нығайтудың маңызына тоқталып, бірлескен жобаларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Әңгімелесу барысында Президент пен Премьер-министр жаһандық және аймақтық құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК қызметіне қолдау көрсеткені үшін Камбоджа тарапына ризашылық білдірді. Сондай-ақ Премьер-министрге Астананың БҰҰ жанынан Халықаралық су ұйымын құру жөніндегі бастама көтергенін айтты.

Кездесу соңында Хун Манет Қазақстан Президентіне өзіне қолайлы уақытта Камбоджаға сапармен келуге шақырды.

АҚОРДА

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ

(Басы 1-бетте)

— Бүгінде дүниежүзіндегі жасанды интеллектіні зерттеушілердің жартысынан астамы — Қытай елінің өкілдері. ЖИ саласындағы патенттердің басым бөлігі қытайлық жаңашыл мамандарға тиесілі. Ал елдің қарқынды инновациялық экожүйесі озық технологиялардың көптеген бағытында соны серпіліс жасауда, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясында жарияланған «Барша адамзат игілігіне қызмет ететін ЖИ» тұжырымдамасына қолдау білдірді.

— Технологиялық прогресті баршаның игілігіне айналдыруға күш-жігер жұмылдырғанда осы ұсынылған қағидаттарды басшылыққа алған жөн деп санаймын. Келешектің келбетін өзара сенім мен ортақ мүддеге сай тығыз ынтымақтастық орнатып, серіктесе әрекет ететіндері айқындалды. Мен бұған кәміл сенемін. Осы орайда Төраға Си Цзиньпин ұсынған «Адамзаттың ортақ тағдыры қоғамдастығын» құру туралы тұжырымдаманың маңызы зор. Қазақстан алысты болжаған бұл бастаманы жоғары бағалайды әрі жасанды интеллект дәуірінде оның өзектілігі артып келеді деп санайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргі Қытайдың даму стратегиясын айқындаған Си Цзиньпиннің көшбасшылық қасиеттеріне айрықша назар аударды.

— Біздің елде Си Төрағаны тарихи ауқымдағы біртуар көшбасшы деп есептейді. Оның парасатты әрі орнықты басшылығымен Қытай елі осынау дүрбелеңге толы, болжаусыз әрі қақтығыстардан көз ашпаған әлемде жана табыстарға батыл қадам басып келеді. 2029 жылы қазан айында елдеріңіз Қытай Халық Республикасының құрылғанына 80 жыл толуын атап өтеді. Сексен жыл — бір адамның тұтас ғұмыры, ал Қытай оның жартысын саяси жерде экономикалық дүрбелеңдердің зиянды салдарымен күресуге сарп етті. Небәрі 40 жыл ішінде қарқынды дамыған Қытай зор табысқа жетіп, кедейлікті толық еңсерді және сан салалы экономикасы бар, әсіресе жоғары технологиялар бойынша көш бастаған әлемдік державаға айналды. Бұл — Қытай Коммунистік партиясы мен оның білікті де бірегей жетекшісі, Төраға Си Цзиньпиннің еңбегі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ЖИ экономика, сауда және жаһандық өзара байланыстың болашағын айқындайтын, толыққанды инфрақұрылымы бар салаға айналып келеді.

— БҰҰ дерегіне сәйкес, жасанды интеллект инфрақұрылымына және онымен байла-



нысты технологияларға салынған инвестиция жылына орта есеппен 47 пайызға өскен. 2033 жылға қарай жаһандық ЖИ нарығының көлемі шамамен 5 триллион долларға жетеді деп болжанып отыр. Демек, бір нәрсе анық: жасанды интеллектіні басқару жүйесі кешенді сипатқа ие болуға тиіс. Ол жартылай өткізгіштер мен деректерді өңдеу орталықтарынан бастап этика, білім беру және адамның қадір-қасиетін қорғауға дейінгі бүкіл бағытты қамтуы қажет. Сонымен қатар трансформация үдерісі геосаяси шиеленіс ушығып, ірі әлемдік державалар арасындағы сенімге селкеу түскен, жік-жікке бөлінген кезеңде жүріп жатыр. Өкінішке қарай, мемлекеттердің көбі қақтығыстарға тосқауыл қоюға мән бермейді, есесіне оның салдарын жоюға күш-жігерін сарқа жұмсайды. Жасанды интеллект алдын ала ескерту жүйесін, превентивті дипломатияны, гуманитарлық көмек пен бітімгерлік әрекеттерді күшейту арқылы бізге осы қисынсыз түсінікті өзгертетін тарихи мүмкіндік беріп отыр, — деді Мемлекет басшысы.

ДАМУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Президенттің пайымдауынша, жасанды интеллект, ең бастысы, әділ әрі инклюзивті дамудың қозғаушы күші бола алады.

— Бірде-бір ел жасанды интеллектіні тұтынумен шектелмеуге тиіс. Адами капиталы мен цифрлық инфрақұрылымын дамытып, институционалдық әлеуетін көтеруге кез келген мемлекеттің мүмкіндігі болуы керек. Бұл жерде әңгіме тағы да әділдік пен адалдыққа барып тіреледі. Жасанды интеллектіні экономика мен қоғам игілігіне пайдалану, сөйте тұра оны адамның саналы әрі қабілетті

басқаруында қалдыру — баршамызға ортақ міндет. Сондықтан Қазақстан Дүниежүзілік жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық ұйымының құрылуын тарихи шешім деп санайды. Аталған ұйым ЖИ-ді басқаратын әмбебап құрылымның негізін қалайтынына сенімдіміз. Ол күллі адамзаттың өсіп-өркендеуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзара тиімді серіктестік тетігі болуы қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұдан кейін Қазақстанның жасанды интеллектіні дамытудағы стратегиялық артықшылықтарына тоқталды. Президенттің пікірінше, еліміз технологиялық тоғысудың, цифрлық сауда мен халықаралық ынтымақтастықтың қарқынды орталығына айналу үшін мол әлеуетке ие.

— Энергетикалық ресурстардың мол қоры, аса маңызды минералдар кеніштері, заманауи көлік дәліздері мен жедел дамып келе жатқан цифрлық инфрақұрылым нарықтарды, технология және инновациялық экожүйелерді өзара ұштастыруға тың мүмкіндік береді. Цифрлық трансформация ұлттық даму стратегиямыздың басым бағыттарының бірі саналады. Қазақстанның жана Конституциясында жасанды интеллектіге, оның елімізді орнықты дамытуға қосар үлесіне баса назар аударылған. Сонымен қатар Ата заңымыз әр азаматтың дербес дерегінің қорғалуына кепілдік береді. 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялап, Digital Kazakhstan-2029 ұлттық стратегиясын бекіттік. Жасанды интеллект туралы заң мен Цифрлық кодекс қабылданды. Елордада Smart City технологиялық платформасы іске қосылды. Көп ұзамай аталған

тәжірибе Қазақстанның барлық ірі қаласында қолданылады. Бұдан бөлек, біз Алатау қаласының дамуына стратегиялық тұрғыдан басымдық беріп отырмыз. Ол Орталық Азиядағы алғашқы толық интеграцияланған цифрлық шаһар болмақ. Әлемнің түкпір-түкпірінен, соның ішінде Қытайдан технологиялық компанияларды, инвесторлар мен новаторларды тарту үшін Конституцияда Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі айқындалды, — деді Президент.

ӘЛЕУЕТІ МОЛ САЛА

Мемлекет басшысы Алматыда БҰҰ ЭСКАТО жанынан орнықты даму мақсаттарына арналған Азия-Тынық мұхиты цифрлық шешімдер орталығы ашылатынын мәлімдеді.

— Қазақстан Дүниежүзілік жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық ұйымы құрылтайшыларының бірі ретінде осы маңызды платформаны құрудағы Қытайдың жетекші рөлін жоғары бағалайды. Жақында ғана іргесі қаланған әрі мол әлеуетке ие ұйым жаһандағы ЖИ келешегін айқындайтын бірегей халықаралық институтқа айналатынына сенімдіміз. Ұйымның алғашқы отырысын Астанада өткізу біз үшін зор мәртебе болар еді. Сонымен қатар бұл құрылымның Орталық Азиядағы өкілдігін елімізде орналастыруды ұсынамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы трансұлттық цифрлық инфрақұрылым жасақтауға және ЖИ саласындағы саясатты өзара үйлестіруге қатысты бірқатар ұсынысты ортаға салды.

— Біз «Қазақстан-Қытай цифрлық көпірін» іске қосуды ұсынамыз. Басты мақсат — цифрлық сауданы жандандыру және «Бір белдеу, бір жол» бастамасы

аясында цифрлық экономика-ларды ықпалдастырудың тиімді үлгісін қалыптастыру. Өңдеу секторы, тау-кен өнеркәсібі, энергетика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және су ресурстарын басқару секілді салаларда жасанды интеллектіні қауіпсіз әрі кеңінен енгізу ісін жеделдеткен жөн. Жасанды интеллектіні реттейтін ұлттық саясат пен заңдық тетіктерді өзара үйлестіру айрықша мәнге ие. ЖИ жүйелерін тестілеу мен сертификаттаудың ортақ стандарттарын түзу де өте маңызды. Біз жасанды интеллектіні теріс мақсатқа пайдаланудың алдын алатын, соның ішінде кибершабуыл, дипфейк, цифрлық алаяқтық пен басқа да қатерлерден қорғайтын пәрменді шаралар әзірлеуіміз керек. Келесі жылды екі елде Жасанды интеллект саласындағы бірлескен бастамалар жылы деп жариялауды ұсынамыз. Қытай Үкіметі мұны қолдаса, зор ризашылықпен қабылдар едік, — деді Мемлекет басшысы.

Президент жұртшылықтың ЖИ-ді түсініп, бағалау және реттеу бағытындағы ұжымдық қабілеті қалыптасып үлгергенше, оның мүмкіндіктері әлдеқайда озып кетуде деп санайды. Бұл орайда жасанды интеллектіні дамыту ісі өзара текетірес пен әскери бәсекеге емес, бейбітшілік пен тұрақты даму қағидаттарына негізделуі қажет.

— Сондықтан мен Ұйымға мүше мемлекеттер мен мүдделі тараптардың барлығын жасанды интеллект стандарттары мен этикасын реттейтін тұрақты сарапшылық платформа құруға шақырамын. Сайып келгенде, ЖИ-дің болашағын адамдар айқындайды. Сондықтан алдағы уақытта аталған саланы жетік меңгерген мамандарға сұраныс күшейеді. Біз жастарды цифрлық машықтарды игеруге, сыни ойлауға, ізденімпаздыққа және жоғары этикалық жауапкершілікке баулуымыз керек. Осыған орай Қазақстан Дүниежүзілік Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық ұйымы аясында халықаралық мектептер желісін, озық тәжірибе орталықтарын және академиялық серіктестік құруды ұсынады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөзін қорыта келе, Мемлекет басшысы еліміздің бейбітшілікті сақтау, орнықты даму және жан-жақты өркендеу жолында жасанды интеллектінің әлеуетін пайдалануға ниетті барша серіктестермен нәтижелі ықпалдастық орнатуға дайын екенін жеткізді.

Конференцияның ашылу салтанатында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Камбоджа Премьер-министрі Хун Манет, Таиланд Премьер-министрі Анутин Чарнвиракул және БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш сөз сөйледі.

М.ТӨЛЕУ



ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ЖАҢА НОРМАТИВ ДАЙЫНДАЛУДА

Бұдан былай жол салуда топырақ, су және жануарлар дүниесін қорғауға басымдық беріледі. Нормативті 2026 жылдың соңына дейін бекіту, ал 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап оны қолданысқа енгізу жоспарланып отыр.

«Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» АҚ (ҚазжолҒЗИ) автомобиль жолдарын жобалау, салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау және пайдалану кезеңдерінің барлығына бірыңғай экологиялық талаптарды белгілейтін ведомстволық нормативті әзірлеп жатыр.

Құжат бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Атап айтқанда, топырақтың құнарлы қабатын сақтау, жерүсті және жерасты суларының қорғалуын қамтамасыз ету, ластаушы заттар шығарындылары мен шаң түзілуін азайту, шу деңгейін төмендету, өндіріс және тұтыну қалдықтарын ұтымды басқару, сондай-ақ құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген аумақтарды қалпына келтіру талаптары қарастырылған.

«ҚазжолҒЗИ» мамандарының айтуынша, экологиялық қауіпсіздік бүгінгі таңда заманауи жол инфрақұрылымы сапасының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Жана норматив автомобиль жолының өмірлік циклінің барлық кезеңінде бірыңғай талаптарды енгізуге, қоршаған ортаға келетін әсерді барынша азайтуға және жол жобаларын іске асыру кезінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы уақытқа дейін жол саласы қызметінің экологиялық аспектілері тек ұсыныс сипаттағы құжаттармен реттеліп келді және міндетті талап ретінде қолданылған жоқ. Әзірленіп жатқан норматив енді бұл талаптарға міндетті түрде орындалуға тиіс құжат мәртебесін береді.

Нормативте су ресурстарын қорғауға ерекше назар аударылған. Жоба құрылыс аландарында жерүсті суларын бұру жүйесін ұйымдастыруды, ластанған суларды тазартуды, тазартылмаған ағын сулардың су объектілеріне төгілуіне жол бермеуді, сондай-ақ мұнай өнімдері төгілген жағдайда жедел әрекет ету шараларын көздейді.

ТАБИҒАТҚА
ЖАНАШЫРЛЫҚ –
АЗАМАТТЫҚ МІНДЕТ

Табиғат бұл – Жер-Ана, Жер-Ана барша адамзатқа пана болған жалғыз мекен. Сондықтан оны қорғау, аялау, таза күйінде сақтау – адамзаттың қасиетті борышы. Бүгінде Жер-Ананы, табиғатты сақтап қалу жаһандық деңгейде ғана емес, елімізде де ең өзекті міндеттердің бірі болып отыр.

Бүгінгі күні Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы экологиялық акциядан, мемлекеттік саясатқа, стратегиялық басымдыққа айналып үлгерді. Сондай-ақ бұдан былай табиғатқа жанашырлық, табиғатқа қамқорлық мемлекеттің, азаматтардың және бизнестің конституциялық міндеті болып бекітілді.

«Қазақстан Республикасының жана Конституциясында қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлыққа ұқыпты қарау әр азаматтың басты міндеттерінің бірі ретінде бекітілген. Жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру – ел қызметінің негізгі қағидаты. Осыған байланысты Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы Конституцияда белгіленген негізгі қағидат ретінде бірізділікпен жүзеге асырылуда. Біздің осы қағидатты ұстануымыздың жарқын мысалы ретінде экологиялық мәселелерді бірлесіп шешуге қоғамның барлық өкілін, еріктілер мен бизнесті тарту бойынша ауқымды жұмыс болды. Біз табиғатқа ұқыпты қарау және тазалықты сақтау Қазақстанның әрбір азаматы үшін ішкі қажеттілік пен күнделікті өмір нормасына айналғанын қалаймыз», – деп атап өткен болатын Премьер-министр Олжас Бектенов Президент жанындағы «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің отырысында.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша, 2026 жылдың басынан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында елімізде 1 млн-нан астам ағаш отырғызылып, 4 млн-нан астам адамның, оның ішінде 510 мың еріктінің қатысуымен 200-ден астам экологиялық іс-шара өткізілді. Республика бойынша 76 мың гектардан астам аумақ тазартылып, 413 мың тонна қалдық жиналды және шығарылды. Сондай-ақ 115,7 мың тонна қалдық қайта өңдеуге жіберілді. Жалпы, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық қозғалысы бастау алған үш жыл ішінде елді мекендерде 5,6 млн-нан астам ағаш отырғызылып, мемлекеттік орман қоры аумағында 1 млрд-тан астам көшет пен жас шыбық егілді.

Дегенмен әлі де болса, туған жердің қадірін білмейтін, тамшы судың киесін ұқпайтын адамдар арамызда жоқ емес. 2025 жылдың қорытындылаған Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, елімізде экологиялық заңнаманы бұзудың 3 мыңға жуық фактісі анықталған.

«2025 жыл қорытындысында экологиялық заңнаманың сақталуын бақылау мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілерге қатысты 1 105 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 2 945 құқықбұзушылық әшкереленді. Тәртіпбұзушылықтарды жою туралы 1 701 нұсқама берілді», – деп хабарлады ведомство өкілдері.

Бұл – жай статистика емес, табиғат анаға жасалған қиянат деуге болады. Сол себепті елде компания-кәсіпорындарға жаппай тексерулер жүргізіліп, экологиялық заңнамаға теріс қарайтындарды жазалау шаралары қолға алынып жатыр. Ресми ақпаратқа сәйкес, оларға жалпы сомасы 2,38



триллион теңгені құрайтын 2 602 әкімшілік айыппұл салынды. Алайда Климаттың өзгеруі және жасыл энергетика бойынша Орталық Азияға арналған жобалық офис ұсынған ақпарат бойынша, әзірге заң бұзушылар жалпы сомасы 5,06 миллиард теңгені құрайтын 2 357 ұсақ әкімшілік айыппұлды ғана төлеген. Сондай-ақ шаруашылық қызметті тоқтату туралы 12 материал сотқа жолданып, олардың 6-уы сот шешімімен қанағаттандырылды. Яғни табиғатты бүлдірген осынша кәсіпорын біржола жабылып тынды.

Ал елімізде қалдықтарды өңдеу мәселесінде бірқатар жаңашылдыққа қол жете бастады десек болады. Енді тау-тау қалдықтар түзетін пластиктерді өңдеп, одан тауардың түр-түрін жасайтын шикізат шығаруға болады. Атырауда пластик қалдықтарды сұранысқа ие өнеркәсіптік өнімге айналдыру ісі жолға қойылды. Шаһарда «Фибра-текс» ЖШС ПЭТ-бөтелкелерді қайта өңдеп, полиэфирлі штапель талшығын өндіруге бағытталған ауқымды инвестициялық жобаны іске асыруда. Жобаның негізгі көрсеткіштеріне тоқталар болсақ, қайта өңдеу қуаты – тәулігіне 20 тоннаға дейін пластик қалдықтары, дайын өнім өндірісі – жылына 7 000 тоннаға дейін, жұмыс орындары 67 тұрақты жұмыс орны құрылады деп күтілуде, экономикалық әсері – өнімнің экспорттық әлеуеті артатын болады. Мамандардың айтуынша, технологиялық үдеріс негізгі 3 кезеңнен тұрады. Пайдаланылған пластик бөтелкелерді сұрыптау және тазалау, флекс өндіру және оны әрі қарай полиэфирлі талшыққа өңдеу. Алынған өнім кәсіпорынның өзінде геосинтетикалық материалдар өндіруге пайдаланылып қана қоймай, шетел нарықтарына да экспортталады.

«Бұл жоба қалдықтарды құнды шикізат көзіне айналдыратын айналмалы экономика қағидаттарын енгізудің жарқын үлгісі. Сонымен қатар заманауи технологиялар экологиялық және экономикалық міндеттерді қатар шешуге мүмкіндік береді», – деп жоғары бағалады Экология министрлігі.

Қоқысты қажеттілікке, қалдықты қазынаға айналдыру – заманауи озық технологияның шыны деп бағалауға тұрарлық. Атырауда өндірілетін полиэфирлі талшықтан (полиэстер және лавсан) күнделікті киім-кешек пен үй тоқымасынан бастап өнеркәсіптік материалдарға дейінгі өнімдердің кең ассортименті жасалады деп жоспарланған.

Тілек ҚАБЫЛ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

ЗАҢ ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

Бүгінде заң шығарушы биліктің жаңа моделі ретінде қалыптасып келе жатқан Құрылтайдың қоғамдағы орны мен қызметіне қатысты талқылаулар жалғасып келеді. Осыған байланысты Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты әлеуметтік зерттеу нәтижелерін ұсынды. Зерттеу қорытындысы Алматыда өткен «Құрылтай – заң шығарушы биліктің жаңа архитектурасының негізі» атты сараптамалық жиында таныстырылды.

**Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**
Алматы қаласы

Алғашқы сессия барысында қатысушылар Құрылтайдың конституциялық жаңғыруы, оның заң шығару саласындағы өкілеттіктерін дамыту, заң жобаларын әзірлеу тетіктерін жетілдіру және сараптамалық сүйемелдеуді күшейту мәселелерін талқылады.

Сараптамалық жиынды ашқан Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры Жандос Шаймарданов Құрылтайдың құрылуы заң шығарушы биліктің ашықтық, кәсібилік және кең қоғамдық қатысу қағидаттарына негізделген жаңа модельге көшудің көрінісі екенін айтты. Оның сөзінше, Құрылтайдың алғашқы сайлауы конституциялық реформаларды практикалық тұрғыда іске асыруда маңызды кезең болмақ. Сонымен қатар бұл мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланыстың жаңа үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әділет вице-министрі Даниель Ваисов өз сөзінде Құрылтайдың конституциялық өзгерістер аясындағы орны мен жаңа өкілеттіктеріне, сондай-ақ оның мемлекеттік билік жүйесіндегі рөліне тоқталды. Вице-министрдің мәлімдеуінше, Құрылтай сайлауы жанарылған заңнамаға сәйкес өтеді. Құрылтайдың барлық 145 депутаты бірінғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізіммен сайланады. Мұндай тәртіп саяси партиялардың рөлін күшейтіп, сайлау бәсекесін жеке-леген кандидаттардан гөрі партия бағдарламалары мен идеяларының бәсекесіне айналдыруға бағытталған.

Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры Айгүл Сәдуақасова сайлаудың мемлекеттік биліктің қайнар көзі халық екенін іс жүзінде көрсететін негізгі тетік екенін айрықша атап өтті.

— Сондықтан азаматтардың дауыс беруге белсенді қатысуы жаңа өкілді органның қоғам алдындағы беделі мен заңдылығын нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Жаңа Конституция — жаңа өмірге, жаңа технологиялық дәуірге жасалған маңызды қадам. Мұндай кезеңде білім, ғылым, адами капитал, мәдениет пен ұлттық бірегейлік айрықша мәнге ие. Жаһандану жағдайында «Өзімізді әлемге қалай танытамыз? Елді қалай дамытамыз? Балаларымызды қалай тәрбиелейміз? Отбасылық құндылықтарды қалай сақтаймыз?» деген сұрақтар қоғам үшін өзекті болып отыр. Сондықтан қабылданған Конституцияны іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдар жасалып жатыр. Соның бірі — Құрылтайды сайлау. Құрылтайдың негізгі мақсаты — қоғамды біріктіру, түрлі әлеуметтік топ пен мүдделерді тоғыстыру және еліміздің тәуелсіздігіне негіз болған басты құндылықтарды сақтауға ықпал ету, — деді Айгүл Сәдуақасова.

Ал Еуразиялық интеграция институтының директоры Ораз-



дайын екенін көрсетеді, — деді Оразғали Селтеев.

Одан өзге Women in Tech Kazakhstan ұйымының жетекшісі Әсем Болатжан өз баяндамасында Құрылтайдағы гендерлік өкілдік мәселесіне тоқталды.

— Заң шығарушы биліктің жаңа моделі мен партиялық жүйедегі өзгерістер кәсіби кадрлық резервті қалыптас-

болды. Сонымен қатар қоғамдық қатысудың құқықтық тетіктері, цифрлық сервистерді дамыту және мемлекет пен азаматтар арасындағы тиімді диалогты нығайту жолдары қарастырылды.

Ұлттық ғылым академиясының Білім беру және қоғамдық даму ғылымдары орталығының жетекшісі Жеңісбек Төлен парламенттердің қоғам-

мент арқылы заңнамалық деңгейде ұсынылады. Оңтүстік Кореяда да осыған ұқсас тәжірибе қалыптасқан. Ұлттық ассамблеяның қызметі ашық әрі жария түрде жүргізіледі. Арнайы порталдар мен сайттар арқылы парламенттің жұмысы қоғамға толық қолжетімді. Азаматтар ұсыныстардың қалай қаралып жатқанын бақылап, процесті бақылап отыра алады. Қазақстандағы Құрылтай әлемдік озық тәжірибелерді негізге алып, сол модельдердің тиімді тұстарын енгізуі қажет. Құрылтай заң жобаларын ұсынумен ғана шектелмеуі қажет. Ең бастысы, халықтың ұсыныстарын жүйелі түрде жинақтап, олардың мемлекеттік шешімдерге ықпал етуіне мүмкіндік жасауға тиіс, — деді Жеңісбек Төлен.

Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы Әйгерім Жүнісова цифрлық Құрылтай тұжырымдамасы мен e-Parliament моделін енгізу жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

— Заң жобаларын әзірлеу мен талқылаудың бірінғай цифрлық жүйесін қалыптастыру қажет. Сонымен бірге заң шығару процесінің барлық кезеңі ашық болуға тиіс. Азаматтардың цифрлық форматта қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, заңнамалық бастамалар мен қоғамдық ұсыныстарды талдауда жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану маңызды, — деді Әйгерім Жүнісова.

Жиын соңында сарапшылар Құрылтайдың қалыптасуы Қазақстандағы саяси реформалардың заңды жалғасы екенін жеткізді. Олар алдағы сайлау жаңа өкілді органның тиімді жұмыс істеуіне негіз қалап, елдегі саяси жүйенің одан әрі дамуына ықпал етеді деп түйіндеді.



ғали Селтеев қазақстандықтардың сайлауға қатысты көзқарасын анықтаған әлеуметтік зерттеу нәтижелерін жариялады. Нәтижесінде, сауалнамаға қатысқандардың 72,1 пайызы Құрылтай депутаттарының сайлауына қатысуға дайын екенін айтқан.

— Бұл көрсеткіш азаматтардың Құрылтай сайлауына қызығушылығы жоғары екенін аңғартады. Онымен қоса, алдағы сайлауға қатысу деңгейі бұрынғы парламенттік сайлаумен салыстырғанда жоғары болуы мүмкін. Мұндай белсенділік Құрылтайдың қоғам алдындағы беделі мен заңдылығын нығайтып, азаматтардың елдегі саяси өзгерістерге атсалысуға

тыруға көмектеседі. Сондықтан саяси партиялар әйелдердің кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, олардың партиялық қызметке, мәслихаттарға, қоғамдық кеңестер мен сараптамалық аландардың жұмысына тең дәрежеде қатысуына жағдай жасауы қажет. Заң шығару процесіне әйелдердің кенінен қатысуы Қазақстанның жаңа саяси жүйесінің жетілгендігін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі болады, — деді Әсем Болатжан.

Жиынның екінші сессиясында парламенттердің қоғаммен байланыс орнатудағы халықаралық тәжірибесі сөз

мен байланыс орнатудағы халықаралық тәжірибесіне шолу жасады. Ол Швейцария, Финляндия, Ұлыбритания және Оңтүстік Кореяның тәжірибесін мысалға келтіріп, азаматтардың мемлекеттік шешімдерді талқылау процесіне белсенді қатысуы заң шығарушы органдарға деген қоғамдық сенімді арттыратынын ерекше атап өтті.

— Мысалы, Швейцария тәжірибесін алайық. Онда парламент қоғаммен тікелей байланыста жұмыс істейді. Қоғамның қажеттіліктері ескеріліп, ашық талқылаулар мен кездесулер тұрақты өткізіледі. Нәтижесінде, қордаланған мәселелер парла-

ТҮЙТКІЛ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Қазақстан – әлемде ең көп энергия тұтынатын елдің бірі. Біз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттермен салыстырғанда, үш есе артық ресурс шығындаймыз. Яғни ЖІӨ құрылымында энергия сыйымдылығы өте жоғары, ал энергия тиімділігі тым төмен. Сондықтан жылу мен жарық өндіретін қуат көздерін жаңғыртумен қатар ысырапшылдықты қысқартып, мейлінше ықшам үлгіге бет бұру күн тәртібінде тұр.

Энергия тиімділігі мен энергия сыйымдылығы терминдері бір тақырып шеңберінде бірге айтылып жүргенімен, мағынасы екі бөлек ұғымдарға жатады. Энергия тиімділігі – белгілі бір жұмысты атқаруға жұмсалатын қуат көлемін кеміте отырып, дәл сондай немесе одан да тәуір нәтижеге қол жеткізу. Қарапайым тілмен айтқанда, аз энергия жұмсап, көп өнім алу. Мысалы, үйдегі ескі лампаны жарықдиодты жаңа LED шамға ауыстырдыңыз делік. Бұрынғы шамыңыз 100 Вт энергия тұтынса, LED шам небәрі 10 Вт тұтынады, алайда екеуінің шашатын жарығы бірдей. Міне, энергия тиімділігі деген – осы. Ал энергия сыйымдылығы – өнім өндіруге қолданылған қуаттың жалпы мөлшері, «нақты бір нәрсені жасауға қанша энергия кетті?» деген сұраққа жауап беретін көрсеткіш. Әдетте шикізатқа тәуелді, технологиясы ескірген елдерде энергия сыйымдылығы жоғары келеді. Өз кезегінде энергия сыйымдылығы төмен елдер жаңа технологияларға, қызмет көрсету секторына, IT саласына иек артады. Қысқасы, энергия сыйымдылығының неғұрлым төмен, энергия тиімділігінің неғұрлым жоғары болғаны жақсы. Дегенмен екеуінің де басты мақсаты – ресурсты шақтап пайдаланудың арқасында қаржыны үнемдеу, қоршаған ортаға тиетін зиянды азайту.

Халықаралық энергетика агенттігінің шолуы бойынша Қазақстанда ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы әлемдегі орташа көрсеткіштен 1,5 есе, ҰБДҰ елдерінен 3 есе жоғары. Сәйкесінше, энергия тиімділігі тура осындай мөлшерде төмен деген сөз. Ысыраптың ең үлкені тұрғын үйлер мен ғимараттар секторында дейді сарапшылар. Жылу-дың сақталмауынан, автоматты жүйенің жоктығынан энергияның 35-40 пайызы желге ұшады екен. Өнеркәсіп пен зауыт-фабрикаларда бұл көрсеткіш – 25-30 пайыз. Өндірістегі ескі құрал-жабдықтар, тозған технологиялар шамадан тыс көп қуат жеп, шикізатты текке рәсуа қылады. Тағы 20-25 пайызы ЖЭО мен жылу желілеріне тиесілі. Жылу мен жарық өндіретін орталықтар қатты көнергендіктен, қуат көзі түпкі тұтынушыға жеткенше жолда жоғалады. Көлік саласында энергия ысырабының үлесі – 15-20 пайыз. Мұнда да сол себеп: ескірген автопарк және тиімсіз логистика. Статистикаға

қарап «түбі тесік шелектің» қай жерінен көп су ағып жатқанын айқын аңғарамыз.

Бұл мәселені шешу мақсатында мемлекет бірсыпыра шараны қолға алды. 2012 жылы «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» салалық заң қабылданып, нормативтік база қалыптасты. Мемлекеттік энергетикалық

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ НЕМЕСЕ РӘСУА БОЛҒАН РЕСУРС

тізілім құрылып, жылына 1,5 мың тонна шартты отыннан артық тұтынатын ірі кәсіпорындарға міндетті энергия аудиті кіргізілді. 2015 жылы энергия аудитін өткізу мерзімдері нақтыланып, «Қазақэнергияүнемдеу» институтының рөлі күшейтілді. Бюджет мекемелеріне мемлекеттік сатып алу арқылы энергия үнемдейтін құрылғылар (мысалы, LED жарықтандыру) орнату міндеттелді. 2022 жылы бақылау жүйесі цифрландырыла бастады. Заңға жаңа түзетулер енгізілді. Энергия аудитінің мерзімі бұзылғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қатаңдатылды. МЭР субъектілерінің деректерін авто-



негіз қаланды. Осы шаралардың нәтижесінде, қазір біршама бағытта ілгерілеу байқалады. Мәселен, мемлекеттік энергетикалық тізілімге енген 20 мыңнан астам субъектінің 90 пайыздан астамы энергия аудитінен өтті. «ҚазМұнайГаз», ERG кәсіпорындары сияқты алпауыт транскұлттық хәм отандық өнеркәсіп компаниялары ISO 50001 халықаралық стандартына сәйкестендірілді. Бұл өндірістегі басқару үдерістерін оңтайландырып, шығындарды 3-5%-ға азайтуға көмектесті. Алматы, Астана, Шымкент тәрізді ірі қалаларда көпқабатты тұрғын үйлердегі ортақ жылу есептегіштер көбе-

жоспарлап отыр. Әйтсе де, дамыған әлемнің деңгейіне жетеміз десек, құрылымдық, технологиялық реформаларды әлі де жеделдету керек. Өйткені мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына кедергі келтіретін іргелі проблемалар жойылған жоқ.

КСРО кезінде Қазақстанда шикізат бағытындағы алып кәсіпорындар салынғаны белгілі. Бізде энергияны ең көп қажет ететін түсті және кара металлургия (Теміртау, Өскемен, Павлодар), тау-кен өндірісі мен көмір кеніштері (Екібастұз, Қарағанды) молынан шоғырланды. Ол заманда қуат көзі шексіз әрі арзан көрінгендіктен, зауыттарды жобалауда энергия тиімділігі мүлдем ескерілмеді. Жоспарлы экономикада өнімділікті барынша өсіру мақсаты ғана бірінші кезекке қойылды. Кеңес Одағы ыдыраған соң Польша, Чехия сияқты Шығыс Еуропа елдері ебедейсіз ауыр өнеркәсіп зауыттарын жауып немесе толық жаңартып, жоғары технологиялық секторларға ойысты. Ал Қазақстан КСРО-дан қалған шикізаттық бағытын сақтап, оны экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналдырды. Сол себепті бүгінгі ЖІӨ құрылымында энергия сыйымдылығы төмен қызмет көрсету салалары жайымен дамып жатса да, энергияны жойдасыз жұтатын ескі зауыттар жұмысын бір сәтке тоқтатқан емес.

Бірақ елімізде ең көп энергияны кәсіпорындар емес, тұрғын үйлер ысырап етеді. Ұлттық статистика бюросының дерегіне сүйенсек, Қазақстанда 55 мыңға тарта көппәтерлі тұрғын үй бар.

Оның ішінде пайдалануға берілгеніне 50 жылдан асқаны – 33 пайыз болса, 25 жылдан асқаны – шамамен 60 пайыз. Жартысынан көбі заманауи жылу қорғау талаптарына сай келмейді. Ондай ғимараттардың тұтыну көрсеткіші ЕО-дағы үйлерге қарағанда 2,5 есе жоғары. Жылу-ды сақтау қасиеті де нашар. Жер-төлелерде автоматтандырылған жылу тораптары атымен жоқ. Соның кесірінен көктем-күз айларында пәтерлер ысып кеткенде тұрғындар терезелерді ашып қояды да, ЖЭО-дан жөнелтілген қымбат қуатты далаға жібереді. БҰҰ Даму бағдарламасы жүргізген сауалнама нәтижесіне сенсек, респонденттердің үштен бірі ғана (сұрау салынған 2500-дің 35 пайызы) энергия үнемдейтін өмір салты жайында аз-кем хабардар екен.

Көлік секторында да отын-энергетика ресурстарын тұтыну көрсеткіші көңіл көншітпейді. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәліметіне жүгінсек, бұл саладағы қуат көздерін пайдалану көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 40 пайызға жуық ұлғайған. Мамандардың пікірінше, екі есеге жақын орасан өсім автопарктің тозғанын, логистикалы тізбектің тиімсіздігін дәлелдейді. Халықтың төмен тығыздығы, сапалы жаңа көліктердің қолжетімсіздігі, елді мекендердің бір-бірінен қашықтығы да үстеме себептер ретінде айтылады.

Жолда жоғалатын қуат мәселесі – өз алдына бөлек жыр. Республика бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 14 мың шақырым. Оның 49,2 пайызы немесе 6,246 мың шақырымы ауыстыруға мұқтаж, көбінің окшаулағыш сыртқы қабаты толығымен тозған, су астында шіріген. Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымы жабдықтарының орташа тозу деңгейі 60-65% шамасында, кейбір моноқалаларда бұл көрсеткіш 80 пайыздан артық. Жүйелі проблема салдарынан энергияның 30-40 пайызы жол-жөнекей далаға шашылып, үйлерге кіріп үлгермей, ауа мен топырақты «жылытады». Дамыған елдерде мұндай шығын көлемі 5-8 пайыз төңірегінде. Салада білікті мамандар жетіспейді. Осының бәрін білетін инвесторлар да алыстан ат-тонын ала қашады.

Біз бұл жерде мәселенің бергі бетін қалқып алумен шектеліп, көзге көрінетін себептерін ғана атадық. Шетел тәжірибесін таныстырып, шешу жолдарын пысыктасак, әңгімені алысқа ұзатып әкетеміз. Мемлекет келенсіз кемшіліктермен күресуге баяғыда-ақ кіріскен. Қол байлайтын кедергі көп, жетістіктер де жоқ емес. Әйтеуір қағаз бетіндегі жойқын жоспар өмір шындығымен бетпе-бет келгенде кібірткітеп қалмаса болғаны.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

РЕФОРМА

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

«Мықты мемлекет дегеніміз – ең алдымен халықтың сеніміне арқа сүйейтін мемлекет». Бұл – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған саяси реформалардың өзегі. Мемлекет басшысы жариялаған «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы еліміздің саяси жүйесінің жаңа сапалық кезеңге өткенін айқындады. Бірақ осы мемлекеттік модельдің тағы бір маңызды, кейде көп айтыла бермейтін тірегі бар. Ол – халыққа ең жақын тұрған өкілді билік, яғни мәслихаттар.



ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІКТІҢ ЖАҢА ФИЛОСОФИЯСЫ

Шын мәнінде, мемлекеттің қуаты Парламент қабылдаған заңдардың санымен ғана өлшенбейді. Ол заңдардың ауылдағы қарапайым адамның өмірін өзгерте алуымен өлшенеді. Азамат мемлекетпен алғаш рет министр арқылы емес, өз ауылындағы әкім, өз өңіріндегі мәслихат депутаты арқылы жүздеседі. Сондықтан жергілікті басқарудың сапасы – мемлекетке деген сенімнің сапасы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Күшті өңірлер – күшті ел» екенін үнемі баса айтып келеді. Бұл – жай ғана өңірлік саясат туралы пікір емес. Бұл – жаңа мемлекеттік басқару философиясы. Егер өңір қуатты болса, мемлекет қуатты. Егер жергілікті басқару тиімді болса, орталық билікке деген сенім де нығаяды. Президент барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында: «Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт», – деді. Сондықтан Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды кезекті құқықтық түзету ретінде қабылдауға болмайды. Бұл – Президент бастамашылық еткен саяси жаңғырудың заңды жалғасы. Бұл – мәслихаттардың жаңа миссиясын айқындайтын заң.

Қазақ ешқашан кенессіз ел басқармаған. Ұлы даладағы мемлекеттік дәстүрдің негізінде ақылдасу, кеңесу, мәмілеге келу мәдениеті жатты. Хан кеңес құрмай шешім қабылдамаған. Би жеке билік жүргізбеген. Ел тағдыры құрылтайда талқыланды. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген сөздің астарында ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекеттік даналық жатыр. Сондықтан бүгінгі мәслихат – сырттан келген институт емес. Ол – қазақтың саяси мәдениетінің жаңа тарихи жағдайда жаңғырған көрінісі. Әлихан Бөкейхан жергілікті өзін-өзі басқаруды ұлттық мемлекеттіліктің мектебі деп білді. Ол жергілікті басқару мәселесінде земство жүйесін енгізуді басты шешім деп санап, жергілікті халыққа өз жерін, шаруашылығы мен бюджетін өздері басқаруға құқық беруді

талап еткені белгілі. Ал Ахмет Байтұрсынұлы: «Ел ісіне халықтың өзі араласпайынша, ел ісі оналмайды», – деп айтқан. Ұлт ұстазы мемлекет пен қоғамның дамуы үшін әрбір азаматтың өз тағдырына, ортақ іске жауапкершілікпен қарауы керегін ерекше атап өткен. Ол адамдарды немқұрайдылықтан арылып, өз құқықтары мен ұлттық мүдделері үшін белсенді күресуге шақырды. Ағартушының басты идеясы: халық санасы оянбай және ортақ іске әркім өз үлесін қоспайынша, ұлттың болашағы жарқын болмайды. Бұл ойлар Ұлттық ұстаздың мұрасы туралы еңбектерде терең зерттелген. Алаш қайраткерлері ұсынған земство идеясының өзегінде де осы қағидат жатты – халық өз жерінің тағдырына өзі жауап беруі керек.

Тәуелсіз Қазақстан осы тарихи сабақтастықты жаңа мазмұнмен жалғастырып келеді.

Соңғы жылдары Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ауыл әкімдерін тікелей сайлау енгізілді. Кейін аудан әкімдерін сайлау қолға алынды. Конституциялық реформалар жүзеге асты. Билік тармақтарының жауапкершілігі күшейтілді. Енді сол реформалардың заңды жалғасы ретінде мәслихаттардың мәртебесі мен мүмкіндігі жаңа деңгейге көтеріліп отыр.

Бұл – ұзақ жылдық талдау мен жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Сенат депутаты ретінде жергілікті мемлекеттік басқаруды жетілдіру мәселесі біздің заң шығару қызметіміздің негізгі бағыттарының бірі болды. Осы жылдар ішінде Үкіметке және уәкілетті мемлекеттік органдарға мәслихаттардың өкілеттігін кеңейту, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, депутаттардың бақылау функцияларын күшейту мәселелері бойынша бірнеше депутаттық сауал жолдадық.

Сонымен қатар Сенат жанындағы MIND жобалық кеңсесінде жүзеге асқан «Тиімді мәслихат» жобасының жұмыс тобына жетекшілік ету мүмкіндігі туды. Бұл жоба заңға дейінгі ғылыми алаң болды. Біз халықаралық тәжірибені сараладық, өңірлердегі нақты ахуалды зерттедік, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының пікірін тыңдадық, мемлекеттік органдармен, сарапшылармен

және ғылыми қауымдастықпен ашық пікір алмастық. Осы жұмыс барысында Астана қаласының, Ақмола және Ақтөбе облыстары мәслихаттарының депутаттары ерекше белсенділік танытты. Олар тәжірибеден туған нақты ұсыныстарын ортаға салды. Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессорлары мен магистранттары халықаралық тәжірибені зерттеп, ғылыми негіздемелер әзірледі. Бұл заңның әрбір бабында сол ортақ еңбектің ізі бар.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев:
«Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз» деген болатын. Бұл міндет мемлекеттік биліктің барлық тармағына ортақ жауапкершілік жүктейді. Әділетті қоғам ең алдымен өңірлерде қалыптасады.

Сондықтан бұл заң – бір адамның немесе бір мемлекеттік органның емес, қоғамның сұранысына жауап берген ортақ жұмыстың нәтижесі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында және Ұлттық Құрылтай отырыстарында мемлекетті жаңғырту тек орталық билікті реформалаумен шектелмейтінін бірнеше рет атап өтті. Оның айтуынша, «барлық реформаның түпкі мақсаты – азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту». Бұл қағида мемлекеттік басқарудың әрбір деңгейіне қатысты. Өмір сапасы заңмен емес, заңның орындалуымен жақсарады. Ал заңның орындалуы ең алдымен өңірде көрінеді. Сондықтан бүгінгі реформа мемлекеттік басқарудың құрылымын ғана өзгертіп отырған жоқ. Ол билік философиясын өзгертуде. Кеше мемлекет халыққа жоғарыдан қарайтын жүйе ретінде қабылданса, бүгін мемлекет халықпен қатар жүретін институтқа айналып келеді. Бұл – Президент жариялаған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты жалғасы. Осы жерде мәслихаттың тарихи рөлі

айқындалады. Мәслихат – әкімнің серіктесі ғана емес, халықтың аманатын билікке жеткізетін конституциялық институт. Егер әкім атқарушы биліктің жауапкершілігін көтерсе, мәслихат қоғамдық сенімнің жауапкершілігін көтереді. Өйткені демократияның табиғаты – тек сайлау өткізуде емес. Демократияның табиғаты – теңгерімде. Президент жүргізіп отырған реформалардың ерекшелігі де осында.

Кез келген заңның өз уақыты болады. 1993 жылы мәслихаттардың құрылуы тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу кезеңінің талабы еді. 2000 жылдары экономикалық тұрақтылық басымдық алды. 2010 жылдары мемлекеттік қызметтерді цифрландыру кезеңі басталды. Ал бүгінгі кезеңнің басты талабы – институттарды күшейту.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев реформаларының негізгі ерекшелігі де осы. Біз жеке тұлғалардың беделіне сүйенетін мемлекеттен институционалдық мемлекетке қарай бет бұрдық. Жаңа заңдағы мәслихат төрағасының екі мерзіммен шектелуі, депутаттық сауалдарға жауап мерзімінің қысқаруы, әкімдердің халықпен кездесулерінде көтерілген мәселелердің орындалуын мәслихаттың қарауы, бюджеттік комиссияларға қатысуы, жергілікті қоғамдастық жиналыстарының өкілеттілігінің кеңеюі – осының барлығы бір ғана мақсатқа қызмет етеді. Яғни басқару институттарын күшейту екені айқын.

Көпшілік «бұл заң мәслихаттардың өкілеттігін кеңейтті» дейді. Мен басқаша айтар едім. Бұл заң мәслихаттың жауапкершілігін кеңейтті. Ендігі жерде депутат тек шешім қабылдайтын адам емес.

Ол қабылданған шешімнің орындалуына да жауапты. Бұл – жаңа саяси мәдениет.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз» деген болатын. Бұл міндет мемлекеттік биліктің барлық тармағына ортақ жауапкершілік жүктейді. Әділетті қоғам ең алдымен өңірлерде қалыптасады. Ал өңірлердің орнықты дамуы жергілікті өкілді биліктің тиімділігіне, мәслихаттардың жауапкершілігіне және депутаттардың халық аманатына адалдығына тікелей байланысты.

Сондықтан бұл заңның басты нәтижесі жаңа құқықтық нормалардың қабылдануында ғана емес. Оның ең үлкен нәтижесі мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге және жергілікті мемлекеттік басқарудың сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталуында екені анық.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Парламент Сенатының VIII шақырылым депутаты

ҚАЛҚАН

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Қазақстан сыртқы саясатының негізгі ұстанымдарының бірі – жаһандық бастамаларға үн қосу. Ал жаһандық бастаманың барлығы дерлік әлемде тыныштық орнатып, адамзаттың бақуатты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталады. Қазақстан дүниенің түрлі аймағына бітімгерлер жіберу арқылы адамзаттың бейбіт өмірі жолында нақты әрекеттерге бара алатын мемлекеттердің бірі екенін көрсетіп отыр. Жуырда Қазақстан Қарулы Күштері 11 әскери қызметшісінің БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштерінің қатарына қосылуы сөзіміздің айқын айғағы.

Негізі, біз сөз еткен 11 әскери қызметші Ливанға алғаш рет жіберілген миссия емес. БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштерінің құрамында қазақстандық әскерилер бұрын да қызмет еткен. Алдағы уақытта да бұл миссияны жалғастыруы мүмкін. Әдетте БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мандатына сәйкес, атысты тоқтату режимін қамтамасыз ету, жауапкершілік аймағындағы жағдайды бақылауда ұстау, жергілікті билік органдарымен және тұрғындармен байланыс орнату, гуманитарлық іс-шараларды сүйемелдеу, патрульдеу, БҰҰ нысандарын күзету және өңірдегі тұрақтылықты сақтауға жәрдемдесу секілді міндеттерді орындайтын біздің жауынгерлер ұдайы өз біліктіліктерін танытып келеді. Олардың жауынгерлік даярлығы да, біліктілігі де жоғары. Біздің жауынгерлер бұған дейін де UNIFIL миссиясындағы үнді контингентінің құрамында табысты қызмет атқарған болатын. Бәлкім, содан да болар, бітімгерлеріміз шетелдерге аттанып жатса көп таңғала қоймайтын болдық. Алайда бітімгерлік күштердің немесе миссиялардың құрамында қызмет еткен әрбір офицер мен жауынгер елдің беделін көтеріп, сыртқы саясатымыздағы нақты қадамдарды іспен дәлелдеп келе жатыр. Содан да болса керек, еліміз бітімгерлік миссияға айрықша назар аударып, күнтізбеде арнайы дата белгіледі. Сөйтіп, биылдан бастап 29 мамыр Қазақстан Республикасының бітімгер күні болып танылды. Бітімгер офицерлер осынау атаулы күнді мамырдың соңында алғаш рет атап өткен де болтын.

Жалпы, бітімгерлік миссия БҰҰ қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бері аймақтағы, жаһандағы бейбітшілікті сақтау жолында қолда барын аяған

БІТІМГЕР – БЕЙБІТШІЛІК ЕЛШІСІ



емес. Өткен ғасырдың 90-жылдары қазақ жауынгерлері ТМД-ның оңтүстік шекарасын қорғауға қатысқан. 1992 жылы 35-ші гвардиялық әуе-десанты бригадасының 300 жауынгері тәжік-ауған шекарасына аттанған болатын. 2011 жылға дейін сол аймақта қазақстандық 10 мыңнан астам жауынгер қызмет етті. Тіпті шекара маңындағы қақтығыстарда ерлікпен қаза тапқан сарбаздарымыз да болды.

Кейін Иракта да сол кездегі «Қазбат» бітімгерлік батальоны

кери дәрігерлеріміз медициналық көмек көрсетті.

Ал БҰҰ аясындағы бітімгерлік миссияларға 2014 жылдан бері тұрақты қатысып келеміз. Сол кезден бері БҰҰ-ның түрлі миссиясы құрамында бітімгер ретінде қызмет атқарған әскери қызметшілеріміздің саны 900-ден асыпты. Қазір Таяу Шығыспен Африкада Қазақстанның 154 әскери маманы қызмет атқарып жүр. Олар БҰҰ-ның аталған өңірлердегі 11 миссияның жетеуінің құрамына кіреді.

Биыл ол жерге бітімгерлердің үшінші тобы кетті.

Жалпы, бітімгерлік миссияға қатысуы ең алдымен мемлекет беделін көтеретін бастама болса, екіншіден әскери мамандардың тәжірибе алмасуына таптырмас мүмкіндік. Үшіншіден, бітімгерлік миссияны ұйымдастыру іс жүзінде бейбітшілікті, адам өмірін сақтауға тікелей үлес қосу болып саналады. Әрі бітімгерлерді даярлаудың өзі оқу-жаттығу, білім беру стандарттарын халықаралық талаптарға сай етуге ықпал етеді. Мысал үшін айтсақ, бітімгерлер шет тілдерін білуі керек, халықаралық құқықтан да хабардар болмағы лажым, одан бөлек, қажет болған жағдайда жергілікті халықтың салт-санасы, дүниетанымымен де таныс болуға тиіс. Осынау талаптарға сай болу үшін әскери қызметшілерді арнайы даярлықтан өткізетін орталық та жасақталған. Қорғаныс министрлігі жанынан арнайы орталықтың құрылғанына да 20 жыл толды.

2006 жылы Қорғаныс министрлігі шет тілдері институты жанынан Бітімгерлік операциялар орталығы (KAZCENT) құрылды. Әу баста бұл құрылым НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасының оқу орталығы ретінде ашылған болатын. Сол жылы НАТО-ның біріккен күштер бас қолбасшылығы штабы орталықты «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы қауымдастығының мүшесі ретінде таныды. 2019 жылы БҰҰ штаб офицерлері курсы (UNSOC) және БҰҰ полиция офицерлері курсы (UNPOC) орталықтарының сертификаттарына ие бол-

ды. Орталықта бітімгерлер жан-жақты құқықтық, гуманитарлық және психологиялық даярлықтан өтіп, тіл үйренеді. Миссияға қатысатын әрбір жауынгер осы орталықта мұқият даярланады. Нәтижесінде шетелдерде қызмет етіп жүрген қазақстандық офицерлер мен жауынгерлер біліктілігімен, тәжірибесімен көзге түсіп келеді.

Сөз арасында Ирактағы «Қазбат» қандай нәтижеге қол жеткізгенін айттық қой, енді Голан жоталарындағы миссияның еңбегіне тоқталайық. Бірінші миссия Голан жоталарына 2024 жылдың наурызында аттанып, 2025 жылдың сәуірінде оралды. Сирияның Фауер базасында орналасқан қазақстандық контингент 600-ден астам тапсырма орындаған. Мұны контингент елге оралған бітімгерлік рота командирі, подполковник Жігер Айыпов айтқан еді. Ал екінші контингент 2025 жылдың сәуірінде кетіп, биыл мамырда оралды. Екінші контингент жетекшісі Әнуар Арынғазиевтің айтуына қарағанда, біздің сарбаздар бір жыл ішінде 798 рет патрульдік кезекшілік жасап, 56 оқу-жаттығу өткізген. Сонымен қатар 63 жарылғышты залалсыздандырып, 57 бақылау пунктін орнатқан. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 15 рет ресми тұлғаларға үзеңгілес болып, қорғап жүрген.

Әлбетте, бітімгерлер үшін бұл статистика күнделікті жұмыстың есебіндей көрінуі мүмкін. Бірақ қақтығыс аймақтарында қызмет етудің моральдық-психологиялық салмағы жеңіл болмайды. Өйткені әр қызметтің артында елдің беделі, адамның қауіпсіздігі, өңірдің тұрақтылығы тұр. Ал мұндай жауапкершілікті сезініп, өз ісіне жауапты болу жауынгерлерді шар болаттай шындай түсері сөзсіз. Сондықтан Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр бітімгерлермен кездескенде оларға айрықша баға берген еді.

«Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қақтығыс болып жатыр. Өкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан – бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз», – деді сол кезде Жоғарғы Бас қолбасшы. Сөйтіп, бітімгерліктің рөлін көрсетіп, жауынгерлердің еңбегін бағалаған болатын. Біздің бұл пікірге алып-қосарымыз жоқ.

Ардақ СҰЛТАН

аталған елдің аумағын жарылғыштардан тазартуға қатысқан. НАТО-мен ынтымақтастық аясында ұйымдастырылған миссия барысында қазақ жауынгерлері Ирак жерін жарылғыштардан тазалап, ел халқына қолғабыс қылған еді. Миссия 5 жыл ішінде Ирак аумағын 4,5 миллион мина мен жарылғыштан аршып, 6,7 мың текше метр суды тазалады. Террорлық шабуылдардан зардап шеккен жергілікті халыққа әс-

Дәлірек айтқанда, Батыс Сахарада, Орталық Африка Республикасында, Конго Демократиялық Республикасында, Ливанда және Оңтүстік Суданда қазақстандықтар әскери бақылаушы және штаб офицерлері ретінде қызмет етеді. Ал Голан жоталарындағы Қазақстан бітімгерлік миссиясы жеке күш ретінде танылған. Бұрынғыдай өзге елдердің бітімгерлік контингентінің құрамына кірмейді.

ДАМУ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ
БЕРІК ДІҢГЕГІ

Әлемнің тарихи даму көшінде мемлекеттіліктің баяндылығын, ел тұтастығын бекемдейтін басты бір құндылық – Әділеттілік. Қазақстан жаңарудың жаңа сатысына қадам басып, елдіктің рухани-құқықтық сипатын түзу үстінде. Бұл ретте Президенттің «Әділетті Қазақстан» құруға бағытталған саяси ерік-жігері ең алдымен «Заң және тәртіп» қағидаты мен заң үстемдігін қамтамасыз етуге, қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға және азаматтардың конституциялық құқықтарын мүлтіксіз қорғауға бағдарланған.



Елдар ҚАБА (қолжазба)

А Айхан ШӘРІП

Прокуратура органдары қызметінің басты назарында дәл осы жасампаз бағытты іске асыру мәселесі тұр. Заң үстемдігі – бұл әрбір азаматтың ертеңгі күнге сенімі, мемлекеттің мызғымас іргетасы. Тәртіп бар жерде ғана береке тұрақтайды, ал әділдік пен тәртіпті тең ұстай білу елдік сананың ең биік шыңы.

Елде ауқымды реформалар жүргізілді. Бұл өзгерістер тек мемлекет құрылымын ғана емес, қоғам қабаттарын да қамтыды. Жана Конституция адам құқықтарының кепілдіктерін едәуір күшейтіп, оларды қорғау тетіктерін кеңейтті. Бас прокурор Берік Асыллов атап өткендей: «Прокуратура конституциялық реформалардың негізгі мақсаттарына қол жеткізуге өз үлесін қосуға тиіс. Біздің міндетіміз – Конституцияның әрбір нормасының

азаматтардың өмірінде нақты жүзеге асуын қамтамасыз ету және заңның бүкіл қоғам үшін бұлжымас құндылық болып қалуына ықпал ету». Ата заңның әрбір әрпі тіршілік тынысына, әр азаматтың қорғанына айналғанда ғана әділеттілік салтанат құрмақ.

Тәртіптің тегеурінді нығаюына құқық қорғау органдары қызметін үйлестіру, құқықбұзушылықтардың алдын алу және цифрлық технологияларды енгізу ықпал етеді. Осы бірлескен, жүйелі жұмыс нәтижесінде Қазақстанда қылмыстық құқықбұзушылықтар деңгейі биыл 10%-ға төмендеді, алаяқтық қылмыстар саны 13%-ға азайыпты.

Прокуратура органдары құқық қорғау органдарымен және қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, есірткі



Қабылдаған шаралар нәтижесінде 2025 жылдан бері 530 мың «дропперлік» шот бұғатталып, 2,6 млрд теңге көлеміндегі есірткіден түскен заңсыз кірістерге тосқауыл қойылды, сондай-ақ осы бағыттағы 10 мың сайттың қызметі тоқтатылды.

трафигінің интернет инфрақұрылымын жоюда белсенді қимылдады. Бұл – ұлт саулығы мен болашақ ұрпақтың тағдыры үшін жүріп жатқан ымырасыз майдан. Қабылдаған шаралар нәтижесінде 2025 жылдан бері 530 мың «дропперлік» шот бұғатталып, 2,6 млрд теңге көлеміндегі есірткіден түскен заңсыз кірістерге тосқауыл қойылды, сондай-ақ осы бағыттағы 10 мың сайттың қызметі тоқтатылды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау қоғам өмірінің барлық негізгі әрі сезімтал саласын қамтиды.

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам және оның лайықты өмір сүру құқығы. Прокурорлық қадағалау актілері бойынша 2,1 млрд теңге жалақы берешегі өтеліп, 168 мың жұмыскердің құқықтары қалпына келтірілді. Сонымен қатар мыңнан астам мүгедектігі бар адамның оналту құралдарын алу, әлеуметтік инфрақұрылым нысанда-рына қол жеткізу құқықтары қорғалды.

Кәмелетке толмағандардың білім алу, тұрғын үймен қамтылу және медициналық көмек құқықтарының сақталуы прокурорлардың тұрақты бақылауында. Мәселен, 10 мыңнан астам жасөспірімнің жоспарлы ауруханаға жатқызылу, тегін тамақтану құқықтары орындалды. Сондай-ақ 2 мыңнан астам жетім бала баспанамен қамтамасыз етіліп, тұрғын үй кезегіндегі құқықтары қалпына келтірілді. Осы салада мемлекеттік органдар мен ұйымдардың 2,9 мың лауазымды тұлғасы әртүрлі жазаға тартылды. Бұл – жауапты қызметшілердің өз міндетіне немқұрайды қарауына жол берілмейтінін айқын ескерту.

Қазына қаржысының әрбір тиыны ел іргесін бекітіп, халық игілігіне жұмсалуда тиіс. Прокурорлар қабылдаған шаралардың нәтижесінде мүлік, салықтар, экологияға келтірілген залал және басқа төлемдер түрінде мемлекет пайдасына 147 млрд теңге өндірілді. Мемлекет қазынасы – халықтың ортақ несібесі, ал оның тазалығы мен бүтіндігін сақтау мемлекеттік мүдденің алтын діңгегі болып қала бермек.

Президенттің мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде прокурорлар 342 млрд теңге мемлекеттік қаражаттың талан-тараж болуына жол бермеді. Қаржылық тәртіпсіздіктің алдын алу қылмыстың індетке айналып тұрып емдеумен тең. Қорыға айтқанда, заң мен тәртіпті орнықтыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын таппақ. Кінәлінің лайықты жазалануы, залалдың толығымен өтелуі – заң алдында бәрінің тең екенін көрсететін әділ қоғамның басты өлшемі.

Еліміздің ауыл шаруашылығындағы инвестиция көлемі жыл сайын артып келеді. Ұзақмерзімді аралықтағы статистика осыны көрсетіп отыр. Айталық, 2015 жылы өсімдік және мал шаруашылығына, сондай-ақ аңшылық пен осы салалардағы қызметтерді көрсетуге бағытталған күрделі салымдардың көлемі 164,2 млрд теңгені құраған еді. Араға он жыл салып, былтырғы қорытындыға қарасақ, бұл көрсеткіш 1,1 трлн теңгеге жеткен, яғни шамамен 7 есеге артқан.

Биылғы алғашқы екі айдағы деректер де оң динамика сақталғанын растайды. Қаңтар-ақпан айларында секторға 68,6 млрд теңгеден астам инвестиция түскен. Бұл былтыр бастапқы екі айдағы қаражатпен салыстырғанда 89,2% асып түседі. Тек 2024 жылы инвестициялар көлемі 4,4%-ға қысқарған еді. Былтыр сала 23,5%-бен қайтадан едәуір белсенділік танытты. Демек, салаға қаражат құю қайта қарқын алды. Осындағы ерекшелік айтатын жайт, қалың инвестицияның негізгі көлемі бұрынғысынша кәсіп-

АГРОСЕКТОР:
БАНКТЕР БЕЛСЕНЕ ТҮСТІ

орындардың өз қаражаты есебінен қалыптасып отыр. Кәсіпкерлер 733,7 млрд теңгені өз қалталарынан шығарғанымен, жалпы олардың үлесі бүкіл инвестиция ішінде өсу қарқыны жөнінен орташа көрсеткіштен төмен болып тұр.

Есесіне қаржы ұйымдарының назары тіктеле бастаған. Банктер белсеніп шығып, несие берудегі үлесін біраз арттыра түскен. Бір жылда кредит беруді 59,5%-ға арттырып, 46,3 млрд теңгеге жеткізген. Осылай банктердің аграрлық секторға деген қызығушылығы қайта жандана бастады.

Бір жағынан саланың дамуы тек мемлекеттің мойнында деген жұрт арасында кең таралған түсінік те расталмай отыр. Айталық, тағы да сол статистикалық деректерге сүйенсек, былтыр секторға салынған инвестицияның жалпы көлеміндегі мемлекеттік бюджет қаражатының үлесі 7,7 есе артқан. Бұл ауыз толтырарлық дерек болғанымен, оның жалпы көлемдегі үлесі бар-жоғы 0,7%,



Елдар ҚАБА (қолжазба)

ақшалай есептегенде 8,2 млрд теңге.

Агросектор кәсіпкерлері өз қаражатының басым бөлігі біржылдық және екіжылдық дақылдарды өсіруге, сондай-ақ мал шаруашылығына бағыттаған екен. Бұлар агроөнеркәсіп кешенінің басым бағыттары екені белгілі. Соның бір жарқын

мысалы, жуырда Қазақстанда вируссыз тұқымдық картопты өнеркәсіп жолымен өндірудің толық циклді алғашқы жобасы іске қосылды.

Оны Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мен Оңтүстік Корея компаниясы өзара стратегиялық әріптестік орнатып, жүзеге асыр-

ған. Мұнда елімізде вируссыз тұқымдық картоп өндірудің алғашқы толық үйлестірілген жүйесін құру көзделген.

Мәселен, зертханада вируссыз өсімдіктерді алып, диагностикалап, содан кейін ұсақ түйнектер мен жоғары репродукциялы тұқымдық картоп өндіруге дейінгі барлық кезең қамтылған. Айта кетейік, бүгінде Қазақстанның сапалы тұқымдық картопқа деген жылдық сұранысы шамамен 450-480 мың тонна аралығында. Жана өндіріс енді осы қажеттіліктің орнын толтырғалы отыр.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың айтуынша, соңғы екі жылда заманауи агротехнологияларды қолдану да айтарлықтай артқан. Минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемі үш есеге өсіп, 1,8 млн тоннаға жетсе, элиталық тұқымдардың үлесі 7,1%-дан 11,6%-ға дейін ұлғайған. Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шамамен 25 мың дана заманауи ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған. Ал жалпы машина-трактор паркін жаңарту деңгейі 6,5%-ға жеткен. Бұл жыл сайын ел аумағында ауқымды жерді алатын егіс алқаптарында шаруалардың қолайлы жұмыс істеу мүмкіндігін арттырары сөзсіз. Егіс алқаптары биылдың өзінде жалпы көлемі 23,8 млн гектар жерді алып жатыр.

Бекбол АМАНГЕЛДІ

МӘСЕЛЕ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Арал өңірінде кейінгі жылдары өндірістік-инвестициялық жобаларға ерекше серпін беріліп келеді. Оның ішінде жуырда мотоцикл құрастыру зауыты мен жоғары сұрыпты ас тұзын өндіретін кәсіпорын ашу ісі қолға алынып отырғаны мәлім болды. Бұл өміршең жобалар аудан экономикасын әртараптандыруға, жұмыс орындарын ашуға және экспорт көлемін ұлғайтуға бағытталмақ.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Дегенмен аралдықтарды толғандыратын басты сауал бұл емес. Көптің көкейін «жана зауыттар ғасырлар бойы өңірдің негізгі күнкөріс көзі болған балық шаруашылығының орнын баса ала ма?» деген сұрақ мазалап тұр.

АРАЛДЫҢ БАСТЫ КАПИТАЛЫ – БАЛЫҚ

Айдынды Арал өңірі, ең алдымен, балық шаруашылығын еске түсіреді. Ертеден ескегін есіп, ауын салып, теңізден нәпақасын теріп жеген тұрғылықты халықтың байырғы тіршілігі көзкөргендердің көкейінде сарнап тұр. Мұны — тек экономиканың бір саласы ғана емес, тұтас өңірдің өмір салты мен тарихи болмысы деп қарауға болады.

Бүгінде аудан аумағында Кіші Арал теңізінің 18 балық шаруашылығы учаскесі, Сырдария өзені және 17 көл кәсіпшілік мақсатта пайдаланылып келеді. Теңізде балықтың 19 түрі мекендесе, соның 16 түрі өндірістік аулауға рұқсат етілген.

«Ауданда жылдық қуаттылығы 29,9 мың тонна болатын 10 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Оның алтауы балықты терең өңдеумен айналысса, төртеуі мұздату, ыстау және қатыру жұмыстарын жүргізеді. Биылғы жылдың алғашқы жартысында 3764 тонна балық ауланып, 3621 тоннасы өңделді. Өңдеу көлемі жоспардан асып, 106,6 пайыз орындалған. Ал экспорт көлемі 1848 тоннаға жетті», — дейді бұл жайында Арал ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Дегенмен бұл көрсеткіштердің сыртында шешімін күткен мәселелер менмұндалап тұр. Нақты айтқанда, Еуропа нарығына өнім шығаруға мүмкіндік беретін «Еврокод» сертификаты әзірге Аралдағы тек екі кәсіпорында ғана бар екен. Бұл бірінші кезекте халықаралық нарыққа шығу әлеуетінің әлі толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді.

Негізінен, балық шаруашылығының болашағы, ең алдымен, табиғи қордың сақталуына байланысты болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда ауданға қарасты Қосжар ауылдық округіндегі «Қамыстыбас» балық питомнигінің орны ерекше саналады.

Аудан әкімдігінің дерегіне сәйкес, жарты ғасырдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан аталмыш кәсіпорын жыл



АРАЛДЫҢ БАЛЫҒЫ: ҮМІТІ ДЕ, КҮДІГІ ДЕ БАСЫМ

сайын мемлекеттік тапсырыс негізінде 15 миллион 220 мың дана шабақ өсіреді екен. Оның ішінде 14,8 миллионы — біржылдық, 420 мыңы екіжылдық шабақтар болып табылады. Олар Кіші Арал теңізі мен Сырдария өзеніне жіберіліп, табиғи популяцияны толықтыруға сеп болып тұр деген ақпарат айтылады.

Сонымен қатар ауданда жаңа аквакультура жобалары қолға алынып жатқаны тілге тиек болды. Атап айтқанда, Ақирек тауының етегінде құны 685 миллион теңгені құрайтын тоған шаруашылығын іске қосу жұмыстары қарқын алған. Жылдық қуаттылығы 300 тонна болатын бұл жоба болашақта сазан тұқымдас балық өсіруге мүмкіндік береді деген жоспар бар.

Сол сияқты Аманөткел ауылындағы «Арал Рыбторг» ЖШС жылына 15–20 миллион шабақ өсіретін инкубациялық цех салуды жоспарласа, Ақшатаудағы «Жамбыл» өндірістік кооперативі қазірдің өзінде дернәсіл шығарып, жергілікті су айдындарын балықтандыруға үлес қосып жатыр екен.

Жалпы, бүгінде ауданда 16 шаруашылық тауарлы балық өсірумен айналысады. Оның ішінде көл және тоған шаруашылықтары мен тұйық сумен қамтамасыз ету жүйелері жұмыс істейді.

ИНВЕСТИЦИЯ КӨБЕЙДІ, БІРАҚ...

Кейінгі жылдары Арал ауданында балық шаруашылығымен қатар экономиканы әртараптандыруға бағытталған жаңа өндірістік жобалар да қолға алына бастады. Жуырда Қызылорда облысының әкімі Мұрат

байқалады. Себебі балық кәсіпшілігі бұл тек экономикалық табыс көзі емес, теңіз жағасында жағалай қоныстанған халық үшін бірнеше буыннан жалғасқан күнкөріс көзі және өңірдің тарихи болмысының ажырамас бөлігі саналады. Сондықтан Аралдың болашағы өндіріс пен инвестицияны дамытумен қатар, балық қорын молайту, су айдындарын тиімді басқару, балықшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту және қайта өңдеу саласын жаңғырту арқылы айқындалса деген пікір басым. Яғни жергілікті жұртшылық тіршілік нәрінен тапшылық болмай, балық шаруашылығын өркендететін бірегей жобалар жүзеге асырылса деген тілегін де жеткізіп отыр.

БАЛЫҚШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Арал ауданына қарасты Қаратерен ауылының тұрғыны Ғарифолла Енсегенов — көп жылдай

«Қамыстыбас» питомнигінің Тастақ бөлімшесі жыл сайын миллиондаған шабақты теңізге жібереді. Кейінгі кездері өңірде жеке шаруашылықтар көбейді, бірақ олардың теңізге шабақ жіберіп жатқанын көрген емеспіз. Ал «Қамыстыбас» питомнигі — Қазақстандағы мемлекеттік үш питомниктің бірі. Сондықтан мемлекеттік питомниктің жұмысы аса маңызды. Үкімет қолдауы болса, Аралдың балығы сақталады», — дейді ол.

Ал аралдық тәжірибелі балықшы Нұржан Сейтбенбетовтің пікірі мүлде басқа. Ол кейінгі жылдары теңіздегі жағдайдың күрт өзгергенін айтады. Соның салдарынан су маржанының саны сиреп бара жатқанын алға тартады.

«2020 жылдан бері теңіздің балық қоры азайды. Қазіргі кезде тісті аталатын балық тұқымы жойылудың аз-ақ алдында тұр. Бұрынғыдай ірі балық түрі сирек кездеседі. Көбіне мөңке түседі. Ауланған балықтарымызды теңіздің белгілі бір аумағын тендерден ұтып алған егелері қабылдап алады. Теңіз жағасындағы Тастүбек деген жерде нәпакамызды тауып келеміз. Атакәсіптің арқасында кейде күніне 5 мың теңге, кейде 20 мың теңге табамыз. Соның өзіне шүкіршілік етеміз. Бірақ мұны бұрынғы жағдаймен салыстыруға келмейді. Өйткені теңіз жылдан-жылға таязданып барады. Жалпы, теңіздің жағдайы мәз емес», — дейді ол.

Негізінен, Арал балықшыларының пікірінше, бүгінгі басты мәселе — су көлемінің тұрақтылығы, көлдерге судың уақытылы жетуі, шабақтарды қорғау және балық өнімін өткізудің тиімді жүйесін қалыптастыру мәселелері басты назарда болған жөн. Егер осы түйткілдер орынды шешілсе, балық шаруашылығын бұрынғыдан да жоғары деңгейде дамытуға мүмкіндік мол.



зын өндіретін жаңа зауытты іске қосыпты. Бұл жобалар жаңа жұмыс орындарын ашып, аудан бюджетіне түсетін салық көлемін арттыруға және жергілікті экономиканың өндірістік әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді деп отыр.

Дегенмен тұрғылықты халық жаңа өндіріс орындарының ашылуымен қатар, Аралдың атакәсібі — балық шаруашылығының өркендеуіне көбірек үміт артатыны

атакәсіптің айналасында жүрген білікті маман. Оның айтуынша, мемлекет қолдауы тоқтамаса, Арал теңізі балықсыз қалмайтынын алға тартады.

«Біз Арал ауданы Қаратерен ауылы Арал теңізінің құяр сағасына орналасқан балықшы ауылы саналамыз. Бүгінде Арал өңірінде балық шаруашылығының дамуы тұрақты. Соның ішінде теңіздегі балық түрлерінің көбеюіне үлкен үлес қосып отырған

Сондықтан теңіз тағдыры толғандырған тұрғылықты халық балықты терең өңдеу өндірісін кеңейту, халықаралық сертификаттар санын көбейту, логистиканы дамыту, акваөсіру көлемін ұлғайту және қосылған құны жоғары өнім шығаруды қолға алу қажет деп есептейді. Мұны ұзақмерзімді табыс әкелетін негізгі бағыттар ретінде түсіндіріп отыр.

ПАРАСАТ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АРДАГЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ

Аға буын өздерінің басты рөлін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстанды құру және «Адал азамат» тұжырымдамасын қалыптастыру жөніндегі стратегиялық бағытын қолдаудан көреді. Қоғам берік моральдық тірекке мұқтаж және дәл осы ардагерлер активі өскелең ұрпақты тәрбиелеу миссиясын өз мойнына алуға дайын. Бұл жұмыс негізгі жеті іргелі бағыт бойынша құрылатын болады, олардың әрқайсысы қазір ерекше өзекті, терең идеологиялық әсерге ие және сәтті жүзеге асырылған жағдайда елдің терең ойлайтын, әділ азаматының жаңаруы мен қайта өрлеуіне ықпал етеді:

Үлкенге құрмет — ұлттық дәстүр және әлеуметтік қамқорлық. Бұл тек сыпайылық таныту емес, әлеуметтік тұрақтылықтың негізі және ұлттың мәдени имунитеті. Үлкен жасты құрметтеу ұрпақтарды біртұтас тарихи тізбекке байланыстырады, жастарды рухани бос кеңістік пен нигилизмнен қорғайды. Сонымен қатар құрмет сезілерлік мемлекеттік және қоғамдық қолдаумен нығайтылуы тиіс. Осыған байланысты Ардагерлер ұйымы еңбек адамы мен еңбегі сінген зейнеткердің сапалы жаңа, жоғары имиджін қалыптастыруды мақсат етеді. Мемлекеттік деңгейде қарт азаматтар үшін жүйелі әлеуметтік преференциялар пакетін, сондай-ақ қоғамдық орындарда үлкендерге құрметпен қарауды қамтамасыз ету, қоғамдық және қала маңындағы көліктерде

жүру бойынша шығынсыз шараларды белсенді түрде бастамашылық ету және ілгерілету жоспарлануда. Ардагерлердің әл-ауқатына сөзбен емес, іспен қамқорлық жасау — өскелең ұрпақ үшін құрмет көрсетудің ең жақсы үлгісі. Осыған байланысты қазір Оқу-ағарту министрлігі және Көлік министрлігі меморандумдардың жобаларын дайындауда. «Ауыл» партиясы меморандумға қол қойды, сондай-ақ Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ынтымақтастық туралы құжат дайындап, жақын күндері қол қойылатын болады. Мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс ортамерзімді перспективада алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Кітаппен болашаққа». Клиптік ойлау мен ақпараттық шу дәуірінде кітап ұзақмерзімді есте сақтауды, аналитикалық ақыл-ой мен эмпатияны дамытудың басты құралы болып қала береді. Ардагерлер жастарға мынаны жеткізеді: кітап оқитын ұрпақ әлеуметтік желілердің таспаларын ғана парактайтын қауымды әрқашан басқаратын болады. Ардагерлердің орасан зор оқырмандық тәжірибесі өскелең ұрпақты оңай бағыттап, кітапты қайтадан сұранысқа ие және білімнің басты қайнар көзіне айналдыра алады.

«Алтын Орда» тарихи сана және бабалар аманаты. Жошы ұлысынан бастап «Алаш» қозғалысына дейінгі өз тарихын білу мемлекеттік ойлауды қалыптастырады. Тарихи жады — бұл өткенге соқыр сезіммен бас ию емес, сыртқы идеологиялық манипуляцияларға қарсы қалқан және егемендік мақтаныштың негізі. Алтын Орда тарихына

ҚАЗІР ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫ БИЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖАҢАРУДЫҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫН ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ. ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ОРНАТУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ НЫҒАЙТУ ІСІНДЕ АҒА БУЫННЫҢ ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІНЕ АЙНАЛУҒА ТИІС. ОСЫ ТҰРҒЫДА АРДАГЕРЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ ТӘРБИЕЛІК МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ӨЗ СТРАТЕГИЯСЫН ҰСЫНАДЫ.

Даналық

арналған іргелі жеті томның бірі әрбір ардагер отбасында үстел үсті кітабына айналуға тиіс.

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу және ажырасу мәселесі. Отбасы — мемлекеттің шағын моделі. Жас некелердің бұзылуы елдің әлеуметтік құрылымын әлсіретеді. Ардагерлер некенің институционалдық беріктігінің жанды үлгісі ретінде әрекет етіп, төзімділік, өзара жауапкершілік және жасампаз ымыраға келу құндылықтарын таратады.

Дәстүрлі дін және ұлттық бірегейлік (Жат ағымдарға жол жоқ). Халқымыздың шынайы руханилығы тарихи тұрғыдан жанжалсыз, ол әрқашан зайырлы өмір салтымен, ұлттық мәдениетпен және заңға деген құрметпен үйлесім тапқан. Радикализмге тосқауыл қою — бұл Қазақстанның егемендігі мен ішкі қауіпсіздігін қорғау. Қабылданып жатқан заңнамалық шаралармен қатар, ардагерлер

жасырын қауіп. Ардагерлер жеңіл ұтыстың адамды ерік-жігерден, болашақтан және адамдық қадір-қасиеттен айыратын елес екенін түсіндіре отырып, қатаң профилактикалық жұмыстарды жалғастырады.

Осы іргелі ұлттық құндылықтарды таратудың тиімді құралы ретінде біз бастамашылық еткен ауқымды «Цифрлық ұзақ өмір» жобасы қызмет етуге тиіс. Оның негізіне өзара рухани баю форматында құрылатын бірегей ұрпақаралық диалог енгізілген. Жоба аясында жастар аға буынның қазіргі заман талабына сай шындыққа бейімделуіне көмектеседі, қарт адамдарды тез дамып келе жатқан цифрлық технологиялар қоғамында әлеуметтік белсенді болуға үйретеді. Өз кезегінде, ардагерлер осы жанды қарым-қатынас процесінде өскелең ұрпаққа көпқасырлық тәжірибені, даналықты және дәстүрлі рухани-адамгершілік бағдарларды мирас етіп тапсырады.

Осылайша, аталған меморандумдарға қол қою — бұл жай ғана ниет декларациясы емес, тұтас әлеуметтік-экономикалық экожүйені құру. Мұндай келісімдер арқылы Орталық кеңес мемлекет пен азаматтық сектор арасында көпірлер орнатады. Ардагерлер тәжірибесі мен серіктестеріміздің ресурстарының синергиясы ең күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: шағын ауылдардың экономикасын көтеруден бастап қала жастарының интеллектуалдық дамуына дейін. Бұл қолданбалы ынтымақтастық форматы Ардагерлер ұйымының жалпы-республикалық деңгейде тиімді әлеуметтік жобаларды генерациялауға және сәтті масштабтауға қабілетті екенін дәлелдейді.

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ АРҚЫЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАСТАМАЛАР

Қазіргі шындықта Ардагерлер ұйымы өз алдына өршіл құқықтық міндеттер қояды. Бүгін біз тек қолданыстағы ережелерге бейімделіп қоймай, қарт азаматтарды әлеуметтік қорғауды және қоғамдық қауіпсіздікті реттейтін құқықтық өрісті жақсартудың жолдарын белсенді түрде іздестірудеміз.

Дәл осы беделді қоғамдық платформа — Халық Кеңесі арқылы біздің ұйым бейінді заңнамаға қажетті өзгерістер мен түзетулерді бастамашылық етуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар ұйым құқық-бұзушылықтың алдын алу және жастарды тәрбиелеу саласында түбегейлі жаңа құрылымдық құқықтық бастаманы ұсынады. Бүгінде қоғамда ұсақ бұзақылық немесе өзге де елеусіз әкімшілік теріс қылықтар жасаған жастарды әкімшілік қамауға алу тәжірибесі бар. Алайда құқық бұзушыны беделді ақсақалдардың қадағалауы мен тәлімгерлігіне берудің тәрбиелік әсері оны оқшаулаудан гөрі әлдеқайда жоғары.

Осыған байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (ӘҚБтК) елеусіз теріс қылықтар жасаған адамдарды әкімшілік қамаудан босатуға және соттың немесе уәкілетті орган-



Ардагерлердің әл-ауқатына сөзбен емес, іспен қамқорлық жасау — өскелең ұрпақ үшін құрмет көрсетудің ең жақсы үлгісі.

белсенділері беделді сөз бен сендіру күшімен қателескен азаматтарға қатысты алдын алу тәрбиелік әсерін көрсететін болады.

Жастарды тәрбиелеу: адал адам, табиғатқа сүйіспеншілік және жасампаз патриотизм. Патриотизм ұрандармен емес, нақты істермен өлшенеді. «Адал азамат» — бұл киелі жерге коқыс тастамайтын, өзгенің еңбегін құрметтейтін және өзінің жеке жетістігін Отанының жетістігімен байланыстыратын адам. Ардагерлердің жеке үлгісі және қарапайым ақиқаттарды қажымайталмай түсіндіруі барлық жерде насихат пен үгіт-насихат жұмыстарында лайықты орын алады.

Жағымсыз әдеттермен күрес (құмар ойындар). Лудомания — қоғамның генофондын бұзатын, ұлттық қауіпсіздікке төнген

Үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдармен практикалық өзара іс-қимыл.

Қазіргі жұмыс стилі нақты істер мен мықты серіктестіктер рельсіне көшуді талап етеді. Соңғы уақытта Орталық кеңес бірқатар маңызды келісім жасасты, олар қазірдің өзінде жергілікті жерлерде айтарлықтай нәтижелер беруде.

Тоғызқұмалақ федерациясымен серіктестік: Ұлы даланың интеллектуалдық мұрасын сақтауға бағытталған. Бүкіл ел бойынша ардагерлер балалар үшін тәлімгер ретінде әрекет етіп, ұлттық ойындар арқылы олардың стратегиялық ойлауын дамытады. Бұл тек дәстүрді беру ниеті емес, сонымен қатар қарт адамдардың өздерінің жоғары интеллектуалдық белсенділігін қолдау құралы.

ПАРАСАТ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

дардың шешімі бойынша оларды Ардагерлер кеңестерінің тікелей кепілдігіне (тәрбиелік бақылауына) беруге мүмкіндік беретін арнайы норма енгізу орынды деп есептеледі.

Бұл жүйе аясында жас ұрпақтың қателескен өкілі белгіленген мерзімді оқшаулағышта емес, Ардагерлер ұйымының мүшелерімен тығыз байланыста өткізіп, тәлімгерлік және қоғамдық пайдалы еңбек арқылы моральдық-адамгершілік тұрғыдан түзелу

әр үйдің тыныс-тіршілігін қалай бақылап отырғаны анық көрінеді — кімге отын, кімге дәрі-дәрмек керек екенін біледі, ал кім ауыл жастары үшін үйірмелерді жеке жүргізуге дайын. Бұл тәжірибе ауылдардағы, аудандардағы және кәсіпорындардағы бастауыш ұйымдардың бүкіл қозғалыстың басты іргетасы екенін дәлелдейді.

Жақында Астана, Көкшетау, Қарағанды және Петропавл қалаларында өткен және ардагерлер кеңестерінің өкілдерін біріктірген дөңгелек үстелдер жергілікті жер-

бәсендетуге және жастардың қалалық көпқабатты үйлерден ауылдық жерлерге қайта оралуын ынталандыруға байланысты. Мұндай тамырға оралу үдерісі қазақстандық ауылға жаңа тыныс беріп, оны түлетуге қабілетті, алайда бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ауылдық аймақтарда берік экономикалық және инфрақұрылымдық ынталандыру тетіктерін құру қажет.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық секторды сапалы дамыту тұрақты түрде өсудің қосымша резервтерін

және Алматы қаласында тағы 4 зауыттың құрылысын жүргізуде. Алайда іске қосылып жатқан объектілерге қарамастан, іске асырылмаған әлеуеттің ауқымы жоғары болып қала береді: жыл сайын өндірілетін ІҚМ терісінің жалпы көлемінің тек 6%-ға жуығы ғана ішкі қуаттылықтармен игеріледі. Қалған былғары шикізаты (шамамен 2,8-3 млн дана тері) мен жүн әзірге экономикалық айналымнан тыс қалып отыр.

Тағы бір өткір әрі жүйелі реттеуді талап ететін мәселе — жыл сайынғы қасиетті Құрбан айт мерекесі кезінде құнды субөнімдердің жаппай қокысқа тасталуы және мал сою орындарында анти-санитарлық жағдайлардың туындауы. Егер архивтік мәліметтерге сәйкес, 2016 жылы ритуалдық құрбандыққа шалу көлемі 1 млн қойдан асқан болса, бүгінде ең қарапайым сарапшылық есептеулер бойынша, ол 300 мыңнан астам басты құрайды. Осыған байланысты барлық деңгейдегі әкімдіктердің патронажымен бұл мәселеге жедел түрде кәсіпкерлік әрі шаруашылық тәсілмен келу қажет. Малдың ішек-қарны мен субөнімдері — бұл нағыз жеңсік ас және дәрумендер мен микро-элементтердің орасан зор қоймасы, олардың пайдалылық коэффициенті көбіне еттің өзіне қарағанда айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар бұл шикізат жоғары технологиялық фармацевтика өнеркәсібінде және мамандандырылған биокоспалар өндірісінде пайдалану үшін үлкен әлеуетке ие. Аталған түйткілді тиімді шешу экологиялық тәуекелдерді жойып қана қоймай, еліміздің азық-түлік қоржынын бір мезгілде нығайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты қайта өңдеу индустриясын терең дамыту жастардың жаңартылған, заманауи ауылдарға оралуына қуатты серпін бере алады. Шикізат көлемінің алдағы уақытта артуын ескере отырып, жаңа қайта өңдеу қуаттылықтарын салу үшін қаржыландыру көздерін түбегейлі әртараптандыру жөніндегі ұсыныс қызығушылық тудырады. Атап айтқанда, пәрменді қадам ретінде ардагерлердің дағдарыстық құбылыстарды еңсеру кезеңдерінде бөлінген, кезінде екінші деңгейдегі банктер қайтармаған қалған 1,1 триллион теңгені экономиканың нақты аграрлық секторына интеграциялау үшін пайдалану туралы ұсынысы алға тартылды.

Бұл салаға ауқымды мемлекеттік инвестициялар толығымен ақталған, экономикалық тұрғыдан негізделген және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ халықаралық нарықта қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жылдам нәтижелер береді. Теріні, жүнді, субөнімдерді және сүйек ұнын терең өңдейтін кәсіпорындардың тармақталған желісін құру мал шаруашылығының кешегі қосалқы өнімдерін қосылған құны жоғары, жоғары технологиялық дайын өнімге айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл тетікті іске асыруды ауылдық кәсіпкерлік субъектілерін ұзақмерзімді жеңілдікпен кредиттеу құралдары арқылы мынадай паритеттік шарттарда жүзеге асыру ұсынылады:

Алғашқы 5 жылға негізгі борышты төлеу бойынша бейімделу кезеңін (каникулдар) ұсыну;

Кредит бойынша міндеттемелерді орындауды жоспарлы түрде тек 6-шы жылдан бастау;

Бүкіл қаржыландыру кезеңіне 3 пайыздық мөлшерлемені белгілеу.

Осы тұрғыда Ардагерлер ұйымы қоғамдық мониторинг институттарын дамыту арқылы қабылданып жатқан шаралардың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етудегі өздерінің ең маңызды мемлекеттік рөлін көреді. Жергілікті жерлердегі тәжірибелі, құзыретті және беделді ардагерлер белсенділері кез келген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын ала отырып, бөлінетін ресурстардың мақсатты игерілуін қатаң бақылауға алуға, сондай-ақ қайта өңдеу зауыттарының уақытылы пайдалануға берілуін және ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс орындарының нақты құрылуын қадағалауға дайын. Өзара іс-қимылдың мұндай форматы мемлекет, қоғам және бизнес арасындағы синергияны нығайтып, қайтарылатын қаржылық активтердің елдің ұзақмерзімді экономикалық әл-ауқатына қомақты үлес қосуына кепілдік береді.

Жоғарыда көрсетілген ауқымды қоғамдық, құқықтық және экономикалық бастамалар биылғы жылдың 16 мамырында өткен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің XI съезінен кейін әзірленген жаңартылған бағдарламаның өзегін құрайды. Жоғарыда баяндалған жобаны әзірлеуде және осы өршіл міндеттерді қалыптастыруда өз дамуының түбегейлі жаңа кезеңіне қадам басқан ұйым үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеп берген ел дамуының стратегиялық бағыттары негізгі идеологиялық және практикалық тірек болды.

Бұл бағдарламалық мақсаттарды жүзеге асыру Ардагерлер ұйымына жалпымемлекеттік маңызы бар шешімдерді әзірлеуге тікелей және тиімді қатысуға, жастардың ауылға оралуына және тұрақтауына ықпал етуге қабілетті ықпалды, жасампаз күш ретінде бекуіне және ең бастысы, қоғамның барлық топтарына, соның ішінде біздің өскелең ұрпағымызға терең жасампаздық және тәрбиелік әсер етуге мүмкіндік береді.

Әбілғазы ҚҰСАЙЫНОВ,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ
орталық кеңесінің төрағасы,
мемлекет және қоғам
қайраткері

формуласы

мектебінен өтеді. Бұл қадам Ардагерлер ұйымының мәртебесі мен беделін мемлекеттік деңгейге көтереді: бірлестік жай ғана консультативтік орган емес, мемлекеттік-тәрбиелік функциялар жүктелген пәрменді институтқа айналады. Бұл экспериментті елдің бірнеше елді мекенінде пилоттық нұсқада апробациялау ұсынылады.

Алайда ауқымды мемлекеттік реформалар азаматтық қоғам институттарының өздерін де жаңартуды талап етеді. Қозғалыстың ұйымдастырушылық және шабыттандырушы күшін Орталық аппарат және оның облыстардағы, қалалар мен аудандардағы филиалдары жүзеге асырады, мұнда басшыларды іріктеу маңызды процесс. Қазіргі кезеңде ҰЕҰ секторында басқарушы кадрлардың ауысымдылық принципін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажеттілігі пісіп-жетілді.

Елдің жоғары саяси институттарымен ұқсастық бойынша, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңда қоғамдық бірлестіктер басшыларының өз лауазымында қатарынан ең көбі екі мерзімнен артық болуын шектейтін норманы бекіту орынды. Басқару буынында көп жыл бойы, ауысымсыз болу көбіне жұмыстың динамикасының төмендеуіне және тоқырауға әкеледі. Екі мерзім принципін енгізу ұйымдарды кадрлық тоқыраудан қорғайды және оның орнына жігерлі, ынталы актив келетін сабақтастықты қамтамасыз етеді.

БАСТАУЫШ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ — ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ НЕГІЗІ

Біздің ұйымның күші орталық аппараттың кабинеттерінде емес, оның бастауыш буынында. Бұған жақында Солтүстік Қазақстан облысына жасалған жұмыс сапары айқын дәлел болды. Вагулино ауылындағы (Петропавл өңірі) бастауыш ардагерлер ұйымына барған Орталық кеңес басшылығы барлық нақты, жанды жұмыстың дәл осы жергілікті жерлерден басталатынына жеке көз жеткізді. Вагулинода ардагерлер активінің

лердегі қуатты шоғырлануды анық көрсетті. Бұл кездесулер біздің 7 басым бағытымызды толық қолдайтынын көрсетті. Өңірлер тәлімгерлік векторында белсенді және жүйелі жұмыс істеуге өздерінің толық дайындығын жеткізді.

Қарт адамдардың жасампаз белсенділігін мемлекет тарапынан қолдаудың маңызы зор. Жергілікті жерлерде Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының (БҰО) құрылысына және олардың жұмысын қамтамасыз етуге бөлінген мемлекеттік бюджет өзінің ең жоғары әлеуметтік тиімділігін көрсетті. Бүгінде мындаған ардагер бұл орталықтарды өзара пікір алмасудың толыққанды платформасына айналдырып, спорт пен мәдени демалыстың 30-дан астам түрі бойынша секцияларға белсенді қатысуда. Бұл аға буынның денсаулығына қамқорлық жасап қана қоймай, олардың қоғамдық жұмысқа арналған жасампаздық әлеуетін ұзақ жыл бойы сақтауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты орталық кеңес өз алдында жасампаздықтың үлкен ауқымын көреді. Бүгінде Қазақстанда 2,5 миллионға жуық зейнеткер бар. Егер олардың бестен бір бөлігі — 500 мың белсенді ардагер — жастармен жүйелі жұмысқа қосылып, әрқайсысы тек 20 жасты (өз туыстарын, немерелерін және көршілерін) өздерінің жеке тәрбиесіне және тәлімгерлікке алатын болса, біз орасан зор нәтиже аламыз. Бұл ұлттық құндылықтарды терең түсінетін, дәстүрді қастерлейтін және мемлекеттік негіздерді құрметтейтін еліміздің 10 миллион азаматы. Бұл бір кішкентай ауылдық бастауыштан басталып, бүкіл республиканы қамтитын шынайы рухани жаңғырудың ауқымы.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕТІКТЕР

Өскелең ұрпақтың бойында туған жерге және табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру, атабабамыздың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғырту, сондай-ақ балалық шақтан берік еңбек дағдыларын сіңіру көп жағдайда урбанизация қарқынын

іздеуді және ынталандыру шараларын жетілдіруді талап етеді. Балық аулау әуесқойы ретінде мен көптеген жыл бойы ұлы даламыздың ең шалғай бұрыштарына барып, түрлі өзен мен көлге жүздеген шакырым жол жүрдім. Осы көпжылдық сапарлардан соңғы төртбес жылдағы ауқымды инфрақұрылымдық түрленулердің айқын көрінісі қалыптасады, бұл шынайы танданыс пен мақтаныш тудырмай қоймайды. Көптеген шалғай ауылда бүгінде сапалы асфальт төселген — бұл орасан зор шығындар, күрделі логистиканы, ауыр техниканы ауыстыруды және жергілікті жерлерде автономды асфальтбетон зауыттарын орналастыруды талап етеді. Жолдармен қатар ауылдардың сыртқы келбеті де түбегейлі өзгерді: барлық жерде үлгілі тазалық сақталады, жаңа заманауи мектептер салынуда, мешіттер бой көтеруде, шағын спорт ғимараттары ашылуда, автобус аялдамалары абаттандырылуда. Ауыл сөзбе-сөз көз алдымызда өзгеріп жатыр.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2026 жылғы I маусымдағы мәліметтері бойынша, отандық мал шаруашылығы секторы тұрақты динамика көрсетуде: ірі қара мал (ІҚМ) басы 10 млн-ға, ұсақ мүйізді мал (ҰММ) — 26,7 млн-ға жетті, ал жылқы саны 5,4 млн басты құрайды. Сала үшін қосымша серпін ретінде биыл мал өсіруге және оның басын көбейтуге тікелей бағытталған жеңілдікті 6%-бен 300 миллиард теңге бөлінуі қызмет етеді. Әрине, мал шаруашылығының қарқындауы заңды түрде ілесіп шикізат былғары материалы мен жүн көлемінің еселеп артуына әкеледі.

Сонымен қатар мал басының өсу қарқынына ілесу үшін қайта өңдеу секторының ағымдағы қуаттылығы әлі де кеңейтуді қажет етеді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, республикада жалпы қуаттылығы 29 мың тонна болатын жүн өңдейтін 9 кәсіпорын, сондай-ақ тері өңдейтін 12 кәсіпорын жұмыс істейді. Индустриялық картаны кеңейту шеңберінде Жамбыл, Батыс Қазақстан, Алматы облыстарында

КӨКЕЙКЕСТІ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Бүгінгі бала – ертеңгі елдің тірегі, болашақ қоғам айнасы. Президент Жолдауда өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін, дарынын ұштауға баса назар аударуды жүктеді. «Құндылықтар құбылған, бала болашағына қатер төндірген бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда жас буынның бойындағы жалын мен талпынысын, күш-жігер мен қызығушылығын ізгі арнаға бұру – басты парыз. Балалар мемлекетіміздің болашағы» деп нықтады Қ.Тоқаев. Ал өрендердің сана-сезімін ізгілікке баулып, таным-түсінігін дұрыс бағдарлаудың ең басты тәсілі – ақпарат айдыны мен интернет кеңістігінде қазақтілді сапалы контентті еселеу. Ұлт үшін стратегиялық маңызды бұл мақсатқа қалай қол жеткіземіз?

Айхан ШӘРІП

Қуантарлығы, қазір жас ұрпақ арасында қазақ тіліндегі цифрлық контентті тұтыну көлемінің қарқынды өсуі байқалады. Бұл бағытта бағындырған белес те, татымды табыстар да жоқ емес. Десек те, ендігі меже – қол жеткен жетістікке тоқмейілісіп қалмай, бұл салада да ұлттық үлесті одан ары ұлғайтып, жаңа биіктерге жету.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметіне жүгінсек, БАҚ-тағы қазақ тіліндегі онлайн контенттің үлесі 78%-ға жетіпті. Мұның сыртында, отандық телевизиялық өнімдердің 70%-дан астамы енді мемлекеттік тілде. Яғни «қазақшасы ең болмаса, «елу де елу» болсын» дейтін заман артта қалғандай.

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өткен Үкімет жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссияның жүйрдағы отырысында оқу-ағарту жүйесіндегі мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіру, 2029 жылға дейінгі Тіл саясаты тұжырымдамасы шеңберінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және қазақ тіліндегі контент үлесін арттыру мәселелері қаралып, жауапты мемлекеттік органдарға түрлі, тиісті тапсырма берілді.

Өз кезегінде комиссия әр жас санатынан талап етілетін лексикалық-грамматикалық минимумдарды әзірлеп, бекітуді, оларды тиімді меңгеруді қамтамасыз ететін заманауи цифрлық құралдарды енгізуді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тіл саясаты талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстауға тиіс. Сондай-ақ қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған бірқатар міндет жүктелді.

Атап айтқанда, отандық кино өнімдерін прокатқа шығару кезінде тілдік нормалардың сақталуы күшейтіледі. БАҚ-тағы тіл тазалығына, стиль мәдениетіне және тілдік әдеп талаптарына ерекше көңіл бөлінбек. Осыған байланысты Үкімет қазақ тіліндегі цифрлық контентті дамытуға бағытталған кешенді шараларды қабылдап жатыр.

САНАНЫ ТОРЛАҒАН ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ

Осыдан 15 жыл бұрын елде балалардың тұңғыш телеарнасы ашылды. Мәдениет және ақпарат министрлігінің хабарлауынша, бүгінде Valapan телеарнасы қазақша анимациялық туындыларды, балалар телехикаяларын, ғылыми-ағартушылық және тәрбиелік бағыттағы жобаларды жас көрермен назарына тұрақты түрде ұсынып келеді.

– Сонымен қатар балалар арнасында интернеттегі қауіп-

Ұлт ертеңі – РУХЫ БИІК өркенде



катерлер мен буллингтің алдын алуға арналған «Киберқауіпсіздік» мультхикаясы, ғылыми-ағартушылық бағыттағы «Ғылымға саяхат», «Негетай», «Кел, балалар оқылық!», «Зерттеуші Зейін», «Әлемді таны», «Қызық әлем» бағдарламалары ұсынылды. Тарихи тұлғаларға арналған «Сұлтан Бейбарыс», «Шокан. Қашқария сапары», «Әл-Фараби», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Бала Бекзат» мультхикаялары көрсетілді, – деп мәлімет берді министрлік.

Биыл өзіне қосымша мол қаржы бөлінуіне байланысты Valapan телеарнасы жаңа жобаларға арналған питчинг өткізуді жоспарлап отыр екен. Оның аясында балалар аудиториясына бағытталған түрлі жанрдағы жобалар қабылданады.

– Осы және басқа шаралар онлайн кеңістікте балалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін жан-жақты қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді мемлекеттік саясат аясында жүзеге асырылады. Білім алушылардың, педагогтердің және ата-аналардың цифрлық сауаттылығын арттыру, балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс Мемлекет басшысы жариялаған цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында жалғасатын болады. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады және Үкіметтің бақылауында, – деді вице-премьер А.Балаева.

Зангер, қоғам қайраткері Данабек Исабектің пікірінше, қазіргі заманда қазақ тіліндегі сапалы, ең бастысы бәсекеге қабілетті контенттің тапшылығы Қазақстан

үшін ең өзекті проблеманың бірі болмақ. Бұл енді тек мәдениеттің тар шеңберіндегі өткірші тақырып емес. Бұл – ұлттық қауіпсіздігіміздің қорғанын, мемлекеттік идеологиямыздың тұғырын және келешек ұрпақтың рухани болмысы мен дүниетанымын айқындайтын тағдыршешті мәселе.

Бүгінгі күннің ащы ақиқаты сол – балалардың сана-сезімін алтын ұя отбасы мен мектептен бұрын виртуалды әлемнің TikTok секілді арбаулы алаңдары тәрбиелеп жатыр. Әсіресе ұзақ жазғы каникулда жасөспірімдердің интернетті пайдалану уақыты бірнеше есе артты. Олар шектеусіз онлайн ойындар мен қысқа бейнероликтердің жетегінде кетіп, бақылаусыз контентті тоқтаусыз тамашалауға ынталандыратын түрлі алгоритм қыспағында қалады.

Сарапшының пайымдауынша, бұл – қадағалау болмаса, қоғамды іштен кеміретін, психологиялық жарақаты терең, әсері жан-жақты, аса күрделі әлеуметтік дерт. Себебі дәл осы балалық шақта жас ұрпақтың ойлау жүйесі мен пайым-парасаты, мінез-құлқы мен адами болмысы, тілдік ортасы мен қазақы ділі, сондай-ақ өмірлік құндылықтары мен бағдары қалыптасады. Бұған мән бермесе, ұлт жойылып, орнында құлқынның камын ғана ойлайтын тобыр қалады.

«Өкінішке қарай, қазақ тіліндегі балалар контенті, танымдық платформалар, анимация, ғылыми-ағартушылық бағдарламалар мен тәрбиелік медиажобалар жаһандық цифрлық платформа-

лардағы агрессивті ақпарат ағынымен бәсекелесе алмай отыр. Салдарынан қазақ балаларында да клиптік ойлау жүйесі күшейді. Ұлттық мәдени код әлсіреп, шетелдік мәдени ықпал басым бола бастады. Қазақ тіліндегі сапалы цифрлық орта қалыптаспай жатыр. Қазіргі ақпараттық заманда мемлекеттің шекарасы тек жермен емес, ақпаратпен де қорғалатынын түсінуіміз керек, – дейді Д.Исабек.

САНДЫҚ КЕҢІСТІК – СЯСАТ ПЕН РУХ МАЙДАНЫ

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, бүгінде өркениетті озық елдер виртуалды әлемді жай ғана ақпарат құралы емес, ұлттық идеологияның кең өрісі, стратегиялық бекінісі ретінде қарастырады. Дүние дидарындағы әр мемлекет өз құндылықтарын сақтау мен таратуда өзіндік соқпақ салып, бір-бірін басып озатын өзгеше әдіс-тәсілдерге жүгініп жатыр.

Оңтүстік Корея бұл аланды «жұмсақ күшін» таратуға пайдаланады. «Таң самал елі» өзінің бірегей мәдени өнімдері мен заманауи контенті арқылы жаһан жұртшылығының санасын баурап, әлемдік деңгейдегі ықпал аясын кеңейтіп жатыр. Қытай миллиард жарым жұртшылығын жаһандық интернеттен толық оқшаулағанымен, өзі ғаламторды төл идеологиясын адамзатқа дарытып, өз мәдениетін алыс-жақын елге дәріптеу, ішкі-сыртқы саясатын ілгерілету мақсатына тиімді жаратып жатыр. Шың елі өскелең өз ұрпағының санасын қорғау мақсатында балаларға арналған цифрлық платформалардың жұмысын заң жүзінде қатаң бақылап, виртуалды сүзгіні мықты ұстайды.

Ұжымдық Еуропаның да ұлттық қалқаны дайын: Еуроодақтың лидерлері Франция мен Германия бастап, ана тілдегі медиаконтенттің тазалығы мен төлума күйде сақталуын мемлекеттік деңгейде қамқорлыққа алып, ұлттық болмыстың бәсеңдеуіне жол бермейді.

Түркияның тағылымы да бізге тәлім бергендей: бауырлас түрік елі айбынды тарихын арқау еткен көркем сериалдары, тіпті Еуропада, Ресейде, Латын Америкасында түрлі тілде паш етілетін танымал мультфильмдері арқылы өз мәдениеті мен ұлттық рухын әлемдік аренада асқақтатып, мәдени ықпалын күннен-күнге күшейтіп жатыр. Бұл мысалдар бізге де ой салуға тиіс. Өзгенің қансығына таңсық болмай, өз құндылықтарымызды цифрлық дәуірдің тілімен сөйлете білу бүгінгі күннің ең басты талабы.

Айта кету керек, қазір «Ұлан», «Дружные ребята» газеттері мен «Ақ желкен», «Балдырған» журналдары жарық көреді. Бұл басылымдар заман ағымы мен уақыттың талабына сай балалар мен жасөспірімдерге мамандық таңдауға, көсіппен айналысуға, дарыны мен шығармашылығын шыңдауға, ақпараттық технологиялар мен инновация әлемімен танысуына көмектесіп, осы салада қызмет етіп жүрген озық ойлы жас өскіндерді насихаттайды.

Тілді дамытудың бір жолы ретінде жас ұрпаққа ана тілінде өткен ғасырдан бері тәрбие беріп келе жатқан балалар басылымдарының таралымын арттыру проблемасы шешілмей тұрған көрінеді. Оның оқырмандары санын көбейту үшін осыдан бірер жыл бұрын бір топ депутат мемлекеттік және жекеменшік барлық мектепті отандық балалар басылымдарына жазылуға міндеттеуді ұсынған.

Алайда Оқу-ағарту министрлігі білім ордаларын оған мәжбүрлеуден бас тартыпты. Ведомство мектеп кітапханаларында балалардың мерзімдік басылымдарының болуын қолдайтынын хабарлады. «Бірақ министрлік «Білім туралы» заңына сәйкес мектеп кітапханаларына арналған оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекітеді. Газет-журналдар оқулыққа, немесе оқу-әдістемелік кешенге жатпайтындықтан тізбеге кіре алмайды», – деп қысқа қайырды білім ведомствосы.

Сонымен бірге өңірлердің білім басқармаларының мәліметі бойынша көптеген мектеп кітапханасы балалардың газет-журналдарын жазғызып алады. Қалғанында «көп жағдайда басылымдардың электрондық нұсқасын, цифрлық материалдарды пайдалану қалыпты үрдіске айналыпты».

Қалай болғанда, балаларға арналған қазақтілді өнімдердің сапасын арттыру және оларды пәрменді тарату – кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл тек тілді үйретудің құралы ғана емес, жас ұрпақтың бойына ана тілдің құндылықтарын, ұлттық қолты, ата-бабамыздың асыл мұрасы мен ірі қасиеттерін сіңірудің басты бір әдісі.

Қазақстан дәл бүгін интернет кеңістігін қазақша тартымды, тағылымды әрі сапалы дүниелермен толтыра алмаса, ертең балалардың санасын жат мәдениет пен идеология жаулап алатыны айдан анық. Онымен күресуде БАҚ пен цифрлық платформалардың атқарар рөлі орасан зор. Олар тек ақпарат таратушы емес, ұрпақ тәрбиелейтін рухани темірқазыққа айналды. Түптеп келгенде, сапалы контент – ұлттың ертеңіне салынған ең сенімді капитал. Болашақты ұлттық болмысымен бағындырар жасампаз ұрпақты тәрбиелеу – мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті әрі қасиетті парызы.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

— Ағаны алғаш көрген кезіңіз есіңізде ме?

— Әрине, өте жақсы есімде. Нұрлан Мәукенұлымен тағдыр бізді мектеп қабырғасында табыстырды. Ол Зайсан ауданының Жамбыл ауылындағы сегізжылдық мектепті бітіріп келді, ал мен Сарытерек ауылында өсіп, сол жердегі мектепті тәмамдап, кейін аудан орталығындағы Ломоносов атындағы орта мектепке ауыстым. Сөйтіп, 9-10-сыныптарды бірге оқып, бір сыныптың оқушысы болдық.

Сол кездің өзінде Нұрлан қатарластарынан өзгеше көрінетін. Артық сөйлемейтін, ешкімге өзін көрсетуге ұмтылмайтын. Бірақ оның ой-өрісінің кеңдігі, кітапқа құмарлығы, сөзге деген жауапкершілігі бірден байқалатын. Біз мектепті бірге аяқтап, 1979 жылы үлкен арман жетелеп Алматыға аттандық. Нұрлан ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түссе, мен Нархоз институтының студенті атандым. Сол күндер біздің өміріміздің ең жарқын кезеңдерінің бірі болып қалды.

— Жоғары оқу орнын бітірген соң, ауылға қайта оралған екенсіздер. Не себепті?

— ҚазМУ-ды бітірген соң Зайсандағы аудандық «Достық» газетіне тілші болып жұмысқа орнықты. Бірте-бірте бас редакторлыққа дейін көтеріліп, кейін аудандық баспа үйінің директоры болды. Одан соң аудандық партия комитетінде еңбек етті. 1990 жылы Алматыдағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберілді. Сол жылы Зайсанда жойқын жер сілкінісі болып, ата-енемнің үйі қирады. Өзіміз тұрған екі қабатты үйдің қабырғасы жарылып, қазақ үйде тұруға мәжбүр болдық. Нұрлан жоғары партия мектебінің ректоры Әбдеш Қалмырзаевқа кіріп жағдайымызды айтқанда, ол кісі бірден қолдау көрсетіп,

Нұрлан Мәукенұлы қазақ поэзиясында найзағайдай жарқ етіп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған, дара болмысты ақындардың бірі еді. Өлеңге деген адалдығы мен терең философиялық ойлары арқылы оқырман жүрегінде мәңгі қалды. Өкінішке қарай, оның ғұмыры келте қиылып, небәрі 43 жасында өмірден өтті. Артында уақыт өткен сайын қадірі арта түсетін мол әдеби мұрасы қалды. Қаламгердің жары Гүлмира Амангелдіқызымен ақын туралы, оның рухани мұрасы туралы сыр шерттік.

Гүлмира Амангелдіқызы, ақынның жары:

Оның әр шумағында жүрек соғысы ЖАТЫР



айтып, шыңдалуына ықпал етті. Өз замандастары — Ғалым Жайлыбай, Қасымхан Бегманов, Темірғали Көпбаев, Әбділдабек Салықбаев, Маралтай Ыбыраев, Жарас Сәрсек, Бақыт Беделхан, Жанарбек Әшімжан сынды қаламгерлермен араласты.

— Ақынның мінезі қандай болды?

— Нұрлан өте сабырлы, салмақты адам еді. Сырт көзге томаға-тұйық көрінетін. Көпшілік оны каталдау қабылдайтын шығар, бірақ оның ішкі жан дүниесі мүлде басқа болатын. Ол ешқашан орынсыз дауыс көтермейтін, біреуді ренжітетін сөз айтпайтын. Барлығын байыппен ойланып барып сөйлейтін.

Ол үшін адамдық қасиет бәрінен жоғары тұрды. Адалдықты ерекше бағалайтын. Досына да, туысына да, қызметтесіне де бірдей әділ болды. Сондықтан да оны жақын таныған адамдар Нұрланның мінезіндегі ұстамдылық пен парасатты ерекше құрметтейтін.

— Ағаның ең жақын достары кім еді?

— Нұрлан адамгершілігі мол, парасатты, үлкен-кішімен тіл табыса білетін, мәдениеті жо-

ғары жан еді. Марқұм Асқар Сүлейменов те бір сөзінде: «Өлеңдері де «шик», өзі де «шик», жылқыдай сұлу азамат екенін», — деп бағасын берген еді. 1993 жылы сол кездегі әкім Заманбек Нұрқаділов 20 мың қазаққа тегін жер бергізді. Біз де Таугүлден жеті сотық жер алдық. Бұл жер алғашында қызыл қызғалдақ көмкерген алқап еді. Жиырма жылға жуық асарлатып жүріп үй салдық. Құрылыс материалын табу қиын заман болатын. Ал 1997 жылы Нұрлан ауыр ота жасатып, денсаулығына байланысты мүгедектік рәсімделді. Арагідік қан қысымы көтеріліп, жүрегі мазалайтын. Бірақ өлеңнен қол үзбеді. Мүшәйралардан жүлдесіз қайтқан емес. Абайдың 150 жылдығында жүлделі орын алды. «Түркі әлемі» поэзиясында екінші орын иеленді. «Бойтұмар», «Құсни хат» жинақтары жарық көрді. «Құсни хат» кітабы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Ол кезде небәрі 41 жаста еді. Уақыт өткен сайын Нұрланның жоқтығы бұрынғыдан да қатты сезіледі. Бірақ оның өлеңдері, адамгершілігі, өмірлік ұстанымы бізге жұбаныш болып

қалды. Мен үшін Нұрлан — тек қазақтың талантты ақыны ғана емес, адал жар, қамқор әке, үлкен жүректі азамат болып мәңгі есте қалады.

— Өлең мен өмірдің арасында айырмашылық бола ма?

— Меніңше, шынайы ақынның өмірі мен өлеңі бір-бірінен алыс болмайды. Нұрланның өзі соның дәлелі еді. Ол бала күнінен кітапқа құмар болып өсті. Газет-журналдарды қалдырмай оқып, түрлі тақырыпта мақалалар жазып, өлең шығара бастады. Оның ақындық қабілеті кейін емес, өте ерте қалыптасты.

Үйдегі үлкендердің айтуынша, жеті баланың ішінде Нұрлан ерекше зерек болған. Әжесі де, ата-анасы да оның өзгеше болмысын ерте байқаған екен. Кейде ақындық қасиет адамның бойына Алланың берген ерекше сыйы сияқты көрінеді ғой. Нұрланның бойынан да сондай табиғи талант анық сезілетін.

— Өлең жазып отырғандағы ақынның бейнесі жүрегіңізде қалай сақталды?

— Нұрлан көбіне түнде жұмыс істейтін. Үйдің іші тып-тыныш болғанын қалайтын. Шабыт келген кезде ештеңеге алаңдамай, ұзақ отырып жазатын. Өлеңін аяқтаған соң міндетті түрде мені оятып: «Тыңдап көрші», — дейтін.

Мен кейде ұйқылы-ояу отырып тыңдайтынмын. Бірақ ол үшін ең маңыздысы — жақын адамының пікірін білу еді. Сол сәттер қазір ойласам, шығармашылық адамының ішкі әлемін көрсететін ерекше көріністер екен.

— Ақын өлеңі арқылы өмірін жазады дейді. Оның өлеңдерінен мұң сезетін бе едіңіз?

— Иә, әсіресе өмірінің соңғы кезеңінде жазған өлеңдерінде мұң басым болды. Кейде қоштасқандай, өмірдің өткіншілігін терең сезінгендей әсер қалдыратын. Ол маған: «Ақындардың ғұмыры ұзақ бола бермейді. Сен әрдайым дайын бол. Балаларға керексін», — деп айтатын.

Мен ондай сөздерді қабылдағым келмейтін. «Неге бұлай айтасың? Өлеңдерің де мұнайып кетті. Махаббат жайлы, өмір жайлы көбірек жазсаңшы», — дейтінмін. Сонда ол: «Өлеңдерімді асықпай оқы. Сонда түсінесің», — деп жауап беретін.

Қазір сол сөздерін еске алғанда, расында да жүрегі бір нәрсені сезгендей әсерде қаламын.

Нұрланның жырларын кейде қайта парактап отырып, оның әр шумағында жүрек соғысы жатқанын сеземін. Өмірге, адамға, махаббатқа деген көзқарасы қандай таза, қандай шынайы еді... Сол әлем әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Әдебиетші ғалымдар назар аударып, ақын поэзиясының табиғатын ашса, оның лирикасы жана қырынан танылар еді. Әсіресе сезімге құрылған нәзік өлеңдеріне әуен жазылып, сахна төрінде шырқалса — жырдың ғұмыры ұзара түсер еді.

— Балаларына, отбасына деген мейірімі қандай еді?

— Нұрлан үшін отбасы бәрінен қымбат болатын. Балаларын ерекше жақсы көрді. Қыздарына — Гүлрәң мен Гүлден, ұлына — Наздан деген есімдерді де өзі қойған. Әрқайсысына арнап жүрекжарды өлеңдер жазды.

Әкелік мейірімі өте ерекше еді. Балаларының тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Маған қалдырған ең үлкен аманаты да осы болды. «Балаларды жақсы тәрбиеле. Ең бастысы — адам болсын», — деп жиі айтатын. Сол сөздер бүгінге дейін менің өмірлік ұстанымыма айналды.

— Ұлы Назданның да ғұмыры ерте үзілді. Ұлыңыздың қазасы да жаныңызға қатты батқан шығар.

— Назданым ерте есейді. Әкесіне Құран бағыштап отыратын. Нұр-Мұбарак университетіне түсті. Бакалавр мен магистратураны қызыл дипломмен тәмамдап, 25 жасында докторантураға қабылданды. Құлыным-ай, қайтейін, ғұмыры сонша қысқа болады деп кім ойлаған?! Әкесі ерте кетті, небәрі 43 жасында деп жүргенде, ол 26-ақ жасында, мезгілсіз бұл өмірмен қоштасты. Жүрегі тоқтап қалды. Әкесі сияқты өте талантты, білімге құштар, көп оқып, көп білетін. Ойлаған арманы көп еді. Амал қанша?! Аллаға қарсы тұра алмадық. Артында қос құлыны — Әбдірахман, Ілияс қалды. Келінім Жанерке бар. Осыларға көрмеген, көре алмай кеткен қызықтарын, шыға алмай кеткен шындырлар бағындыруды нәсіп етсін. Алладан қалғандары аман болса екен деп тілеймін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

СЕРПІН

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Елімізде су ресурстарын басқару жүйесінде ауқымды реформа жүргізіліп жатыр. 2023 жылы құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігі 2030 жылға дейінгі су саясатының стратегиялық бағыттарын әзірледі. Негізгі басымдық 2024-2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы, 2024-2028 жылдарға арналған су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар және Су кодексі секілді құжаттар бойынша бекітілді.

**Тілегүл
ЕСДӘУЛЕТ**

Министрлік жүзеге асырып жатқан негізгі жүйелі шаралар бойынша су инфрақұрылымын жаңғырту, суды тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу және су мамандарын даярлау, сондай-ақ климаттың өзгеруі жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспарланған.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің хабарлауынша, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу арқылы экономиканың барлық секторында су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру басым міндет саналады.

— Бұл бағыттағы ең үлкен әлеует ауыл шаруашылығы саласында шоғырланған. Өйткені елдегі жалпы су тұтынудың шамамен 60%-ы осы салаға тиесілі. Қабылданып жатқан шаралар су үнемдеу технологиялары қолданылатын алқаптардың тұрақты түрде ұлғаюына мүмкіндік беріп келеді. Бұрын мұндай алқаптардың жыл сайынғы өсімі 30-35 мың гектарды құраса, 2024-2025 жылдары бұл көрсеткіш 150 мың гектардан асты (2024 жылы — 153 мың гектар, 2025 жылы — 154 мың гектар).

Осының нәтижесінде су үнемдеу технологияларын енгізу қарқыны шамамен 5 есеге артты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша мұндай технологиялар қолданылатын егіс алқабының көлемі 543,5 мың гектарға жетіп, 874 миллион текше метрге жуық суару суын үнемдеуге мүмкіндік берді.

2030 жылдың соңына дейін су үнемдеу технологияларын енгізілетін алқап көлемін 1,3 миллион гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл 2,2 миллиард текше метрге жуық суару суын үнемдеуге мүмкіндік береді, — деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Талғат Момышев.

Оның айтуынша, осы мақсатқа қол жеткізу үшін 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджетте 228 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылған. Бұл алдыңғы үш жылмен салыстырғанда төрт есе көп.

Сонымен қатар енгізілген өзгерістерге сәйкес, жалпы сипаттағы трансфертер (ЖСТ) есебінен шығындарды өтеу үлесін 80%-ға дейін ұлғайту мүмкіндігі қарастырылған. Бұл ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін арттыра түседі. Сонымен қатар еліміздегі жалпы су тұтынудың шамамен 30%-ы тиесілі өнеркәсіп саласына да ерекше назар аударылып отыр. Жаңа Су кодексіне сәйкес, өнеркәсіп кәсіпорындары жеті жыл ішінде

СУ ҚАУІПСІЗДІГІ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ ҺӘМ НАҚТЫ НӘТИЖЕ

кезең-кезеңімен айналымды және қайталама сумен жабдықтау жүйесіне көшуге тиіс. Бұл 2030 жылға қарай суды қайта пайдалану үлесін 28%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

— Министрлік өнеркәсіптік су пайдаланушыларға толық түгендеу жүргізді. Қазір кәсіпорындармен бірлесіп, өндірістік технологиялардың ерекшеліктері мен жаңғырту мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке көшу жоспарлары әзірленіп жатыр. 2025 жылдың маусым айынан бері осындай 168 жоспар дайындалды. Осы жоспарларды орындау арнайы су пайдалану үшін берілген рұқсат етілген су көлемін сақтап қалудың міндетті шарты болады, — деді Т. Момышев.

Қазір министрлік технологиялық және реттеуші шаралармен қатар, тұрмыста суды ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізіп жатыр. Талғат Момышевтің айтуынша, суды ұтымды пайдалану бағытында үнемдеудің негізгі тәсілдерін қамтитын әдістемелік ұсыныстар бекітілді. Сондай-ақ суды ұтымды тұтынудың тиімділігін көрнекі есептеулер мен практикалық мысалдар арқылы көрсететін талдамалық зерттеу әзірленді.

Жалпы, суды тиімді пайдалану және үнемдеу бағытындағы жұмыстардың табысты болуы ең алдымен қоғамдық санының өзгеруіне, тұрғындардың суды пайдалану мәдениетінің қалыптасуына байланысты. Сондықтан тұрғындардың, әсіресе өскелең ұрпақтың суға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл бағытта 2025 жылы «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында тақырыптық экологиялық сабақтар ұйымдастырылып, шара 2 миллионға жуық оқушыны қамтыды.

2026 жылы бұл жұмыс жүйелендіріліп, ауқымы кеңейтілді. Бүгінде 19 жоғары оқу орнында, 100 колледжде және 2,5 мың мектепте кездесулер өткізіліп, 3,3 миллионнан астам адам қамтылды. Бұл Қазақстандағы мектеп оқушыларының шамамен 80%-ын құрайды.

Жаңа оқу жылында бұл жұмыстар жалғасып, қатысушылардың қамту ауқымын одан әрі ұлғайту көзделген. Сонымен қатар бұл бағыттағы жұмыстардың ауқымын кеңейту мақсатында министрлік «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясын өткізіп жатыр. Акция бұлақтар мен су айдындарын тазалау және абаттандыруға бағытталған.

— Бүгінде акция аясында 36 бұлақ пен 27 су нысаны қамтылып, оған 12,5 мыңнан астам адам, оның ішінде 900-ден астам ерікті қатысты. 11 шілде айында акцияның екінші кезеңінде еліміздің қалған 12 облысында ұйымдастырылып, 58 бұлақ пен 35 су нысаны тазаланды. Оған 11 мыңнан астам адам қатысты.

Сонымен қатар бұлақтарды сақтау және оларды ұтымды пай-

сында кадр мәселесін шешу үшін Тараз қаласында Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды. Нәтижесінде су саласына маман даярлайтын оқу орындарының саны 2023 жылғы 9 жоғары оқу орны мен 6 колледжден 13 жоғары оқу орны мен 10 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына дейін өсті.

— Жыл сайын су саласындағы мамандықтарға бөлінетін мемле-

да осындай көлемде грант бөлу мәселесін пысықтап жатыр.

Жыл сайын су мамандықтарына түсетін студенттердің саны да тұрақты өсіп келеді. Мысалы, 2023-2024 оқу жылында 291 студент қабылданса, биыл бірінші курсты 1000 студент аяқтады, — деді ол.

Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне де ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы мақсатта барлық жоғары оқу орындарымен «Қазсушар» РМК базасында өндірістік тәжірибеден өту туралы меморандумдар жасалып, 2024 жылы тәжірибеден 82 студент, 2025 жылы 470 студент өтті. Ал биыл кәсіпорындарда 700-ден астам студент өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр.

Еліміздің алыс аудандары мен шалғай ауылдарын қажетті білікті кадрлармен қамтамасыз ету бағытындағы «Серпін», «Дипломмен — ауылға!» атты бағдарламалар аясында да бірқатар мәселе шешімін тауып отыр. Мәселен, 2024 жылы «Дипломмен — ауылға!» мемлекеттік бағдарламасына алғаш рет су саласының мамандықтары енгізілді. Министрліктің баспасөз қызметінің мәліметінше, 2025 жылы «Қазсушар» РМК Жамбыл филиалының екі жас маманы мемлекеттік қолдау аясында баспанмен қамтамасыз етілді.

Салада халықаралық білім беру ынтымақтастығы да кеңейіп келеді. 2025 жылы Қытай Халық Республикасында қабылдаушы тараптың қаржыландыруымен 125 маман біліктілігін арттырды. 2026 жылы мамыр айында тағы 34 қызметкер біліктілігін арттыру курсынан өтті. Жалпы, 2026 жылы Қытайдағы әріптестермен жасалған келісім аясында 200 маманды оқыту жоспарланған. Атқарылып жатқан бұл жұмыстың барлығы ең алдымен салада кадр тапшылығын кезең-кезеңімен азайту, білікті мамандарды тұрақтандыру және стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы нысандарын пайдалану жауапкершілігін күшейту бағытындағы қадау-қадау қадамдар екені сөзсіз.

Ал халықаралық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту бағытында да министрліктің өз есебі бар. Атап айтар болсақ, су саласының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 2024-2025 жылдары 676,7 млрд теңгені құрап, 2021-2023 жылдардағы көрсеткішпен салыстырғанда, 107 млрд теңгеге артық инвестиция тартылған. 2021-2023 жылдардағы инвестиция көлемі 569 млрд теңгені құраған екен.

Талғат Момышевтің айтуынша, шетелдік серіктестермен 9 келісім және өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы 44 меморандум жасалып, 15,9 млн АҚШ доллары көлемінде гранттық қаражат тартылған.

Сонымен қатар халықаралық ынтымақтастық тек қаржылық қолдаумен шектелмей, заманауи технологияларды енгізу, су шаруашылығы нысандарын автоматтандыру, кадрлық және сарапшылық әлеуетті нығайту, озық тәжірибені трансферттеу секілді кешенді жоспарды қамтиды.



далану жұмыстарын жүйелеу мақсатында 2 772 бұлақты қамтитын арнайы карта әзірленді. Су ресурстары тапшылығы жағдайында бұлақтар сумен қамтамасыз етудің қосымша көзі ретінде қарастырылып отыр.

Ұлттық гидрогеологиялық қызмет еліміздің барлық өңірінде бұлақтарды паспорттау және цифрлық есепке алу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл жұмыстар алдымен Жамбыл облысында басталып, кейін Алматы облысы мен Жетісу облысында жалғасадy, — деді вице-министр Талғат Момышев.

Су саласындағы өзекті мәселелердің бірі кадр жетіспеушілігі болса, бұл бағытта да министрлік ұтымды шешімдер қабылдап, нақты жұмыстарды жүзеге асыруды.

Су ресурстары және ирригация вице-министрі Талғат Момышевтің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасы ая-



Су ресурстары және ирригация министрлігінің хабарлауынша, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу арқылы экономиканың барлық секторында су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру басым міндет саналады.

кеттік білім гранттарының саны артып келеді. Атап айтқанда, 2023-2024 оқу жылына — 262 грант, 2024-2025 оқу жылына — 390 грант, ал аяқталған 2025-2026 оқу жылына 1000 грант бөлінді. Қазір Ғылым және жоғары білім министрлігі келесі оқу жылына



ECO FEST – «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

«Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» бастамалары аясында Қарағанды облысында түрлі іс-шара өтуде. Сондай керекті де маңызды іс ECO FEST – «Заң мен тәртіп» экологиялық фестивалі Қарағанды қаласында өтті. Іс-шара қоршаған ортаны қорғау идеясы төңірегіне әртүрлі жастағы қала тұрғындарын біріктірді.



**Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
Қарағанды облысы

Экофестиваль аясындағы негізгі іс-шаралардың бірі пластик бөтелкелерді жинау акциясы болды.

Қала тұрғындары бастаманы белсенді қолдап, пластик ыдыстарды қайта өңдеуге тапсырды.

Алғыс ретінде қатысушылар тапсырған бөтелкелерінің санына қарай балмұздақ, хайуанаттар бағына, балалар теміржолына және киноға билеттер алды.

Барлығы 8 мыңнан астам балмұздақ балаларға таратылса, кинотеатр, хайуанаттар бағына және Орталық саябақтағы балалар теміржолына 1000 билет қолға берілді.

Фестиваль қонақтары үшін сондай-ақ «Қаладағы заң мен тәртіп» атты тақырыптық квест ұйымдастырылды. Оның басты кейіпкері жаңа Конституцияны бейнелейтін символдық кейіпкер — Парасат үкісі болды. Қатысушылар ойын форматында экология, азаматтық жауапкершілік және

заң талаптарын сақтау тақырыптарына арналған тапсырмаларды орындады.

Экофестиваль Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен «Заң мен тәртіп» идеологиясы және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өтті.

— Экофестиваль — жай ғана экологиялық акция емес, бұл жастарға қалаға деген жанашырлықтың әр адамның жеке жауапкершілігінен басталатынын көрсететін алаң. «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» бастамалары аясында біз адамдарды тазалық, қоршаған ортаға құрметпен қарау және белсенді азаматтық ұстаным сияқты қарапайым, бірақ аса маңызды құндылықтар төңірегіне біріктіріп келеміз. Жиналған әрбір қап қоқыс, қайта өңдеуге тапсырылған әрбір пластик бөтелке және егілген әрбір ағаш — Қарағандының болашағына қосылған нақты үлес. Таза қала — бірімізге ортақ іс, — деді Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы жетекшісінің міндетін атқарушы Заңғар Серіков.

Фестиваль экологиялық бастамаларды насихаттайтын маңызды алаңға айналды. Оның басты мақсаты — экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды дәріптеу, экологиялық жауапкершілікті дамыту және тұрғындарды қалдықтарды бөлек жинауға тарту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір Жолдауында еңбек адамының беделін арттыру, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру және жастардың еңбекке ерте араласуына жағдай жасау мәселесін мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде атап келеді. Себебі еңбекке құрмет қалыптасқан қоғам ғана тұрақты дамуға қабілетті. Осы ұстаным аясында елімізде жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған құқықтық тетіктер де жетілдірілуде. Соның бірі – кәмілет жасына толған жасөспірімдердің жазғы демалыс кезінде ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысуына мүмкіндік беретін еңбек заңнамасы. Бұл бастама, ең алдымен, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды ғана емес, олардың еңбек нарығымен ерте танысып, кәсіби жауапкершілікті сезінуіне жол ашады.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

АЛҒАШҚЫ ЕҢБЕК ТӘЖІРИБЕСІ – ӨМІРЛІК МЕКТЕП

Жас адамның еңбек жолындағы алғашқы қадамы оның болашақ мамандық тандауы мен өмірлік көзқарасының қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Алғашқы жұмыс орнында ол ұжыммен жұмыс істеуді, тәртіп сақтауды, уақытты бағалауды және өз еңбегі арқылы табыс табудың қадірін үйренеді. Сондықтан көптеген дамыған елде мектеп жасындағы жастардың маусымдық

ЕРТЕҢГІ МАМАННЫҢ БҮГІНГІ ҚАДАМЫ

жұмыстарға қатысуы қалыпты тәжірибеге айналған. Қазақстанда осы бағыттағы жұмыстарды кезең-кезеңімен жетілдіріп келеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің №476 бұйрығына сәйкес, 16 жасқа толған азаматтар жазғы демалыс кезеңінде ақылы қоғамдық жұмыстарға қатыса алады. Мұндай жұмыстар олардың денсаулығына зиян келтірмейтін, қауіпсіз әрі еңбек заңнамасының барлық талабына сай ұйымдастырылуға тиіс. Бұл әлеуметтік қолдау ғана емес, еңбек мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы.

САПАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ

Шымкент қаласында жастарды қоғамдық жұмыстарға тарту жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Биыл жазғы маусымда қалалық Еңбек мобильділігі орталығына 161 мекемеден 661 бос жұмыс орны ұсынылған. Алайда барлық ұсыныс бірдей қабылданған жоқ. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы әр жұмыс берушінің еңбек заңнамасын сақтау деңгейін, салықтық міндеттемелерін орындауын, әлеуметтік кепілдіктер беруін және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігін мұқият зерделеген. Нәтижесінде, талаптарға толық сәйкес келген 47 ұйымнан 192 жұмыс орны ғана іріктелді.

Бүгінде аудандық мансап орталықтары арқылы 156 жасөспірім қоғамдық жұмыстарға жолданып, еңбек етуде. Оның ішінде 129-ы – студент, ал 27-сі – жоғары сынып оқушысы. Олар негізінен мемлекеттік мекемелерде,



жоғары оқу орындарында және қоғамдық ұйымдарда еңбек тәжірибесін жинақтап жүр. Бұл көрсеткіштер сан қуалаудан гөрі сапалы әрі қауіпсіз жұмыс орындарын таңдауға басымдық берілетінін аңғартады.

ЗАҢ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Кәмілетке толмаған азаматтарды еңбекке тарту барысында олардың құқықтары мен қауіпсіздігі басты орында тұрады. Осыған байланысты заңнамада арнайы талаптар белгіленген. Шымкент қалалық Полиция департаментінің мәлімдеуінше, 16 жасқа толған жасөспірім еңбек шартын өз бетінше жасай алады. Дегенмен олардың еңбегі ересектермен бірдей талаптар бойынша ұйымдастырылмайды. Мәселен, 16-18 жас аралығындағы қызметкерлердің апталық жұмыс уақыты 36 сағаттан аспайды. Егер олар білім алумен қатар жұмыс істейтін болса, бұл уақыт одан әрі қысқартылады. Сонымен бірге заң бойынша оларды түнгі уақытта жұмысқа

тартуға, үстеме жұмысқа қалдыруға, мереке немесе демалыс күндері еңбек еткізуге, іссапарға жіберуге тыйым салынған. Бұл талаптардың барлығы жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен оқу процесіне кедергі келтірмеуді көздейді.

Жасөспірімдер ауыр дене еңбегіне, қауіпті өндірістерге, химиялық заттармен байланысты жұмыстарға, биіктіктегі еңбекке немесе денсаулыққа қауіп төндіретін қызмет түрлеріне жіберілмейді. Егер олар абаттандыру немесе көгалдандыру жұмыстарына қатысса, арнайы жарық шағылыстыратын киіммен қамтамасыз етіліп, міндетті түрде жауапты мамандардың бақылауында болуға тиіс. Мұндай талаптар халықаралық еңбек стандарттарына да толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар мамандардың айтуынша, жаз мезгілінде жасөспірімдердің құқықтарының бұзылуы көбіне бейресми жұмысқа орналасу кезінде кездеседі. Ауызша келісім арқылы еңбек ету жалақының төленбеуіне, еңбек

шартының болмауына, әлеуметтік кепілдіктерден айырылуға немесе заңсыз еңбек пайдалануға алып келуі мүмкін. Сондықтан әрбір жас азамат жұмысқа орналасқан кезде міндетті түрде еңбек шартын талап етуі қажет. Егер жұмыс беруші заң талаптарын бұзып, жасөспірімді түнгі уақытта жұмысқа тартса, қауіпті еңбекке мәжбүрлесе немесе жалақысын төлемесе, бұл туралы еңбек инспекциясына немесе құқық қорғау органдарына дереу хабарлау қажет.

ЖҰМЫС БЕРУШІ ЖАУАП БЕРЕДІ

Қазақстан заңнамасы кәмілетке толмағандардың еңбек құқықтарын қорғауға ерекше мән береді. Еңбек шартынсыз жұмысқа қабылдау, жұмыс уақытын заңсыз ұзарту немесе еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзу жағдайларында жұмыс берушілерге әкімшілік жауапкершілік көзделген. Ал мұндай заңбұзушылық салдарынан жасөспірімнің денсаулығына зиян келсе немесе өміріне қауіп төнсе, қылмыстық жауапкершілікке дейінгі шаралар қолданылады. Бұл талаптардың сақталуын еңбек инспекциясы, полиция және прокуратура органдары бірлесіп бақылайды. Қазіргі еңбек нарығы жас мамандардан кәсіби білімді ғана емес, жауапкершілік, тәртіп, коммуникация және ұжымда жұмыс істей білу сияқты дағдыларды талап етеді. Осындай қасиеттердің негізі алғашқы еңбек тәжірибесі барысында қалыптасады.

Сондықтан жастарды қоғамдық жұмыстарға тарту маусымдық жұмыспен қамту ғана емес, олардың өмірлік ұстанымын қалыптастыратын маңызды әлеуметтік институт. Адал еңбекке ерте араласқан жас ертен өз кәсібін сүйетін, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін, елдің дамуына үлес қосатын азамат болып қалыптасады.

18 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

**Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

Осы тақырыптағы соңғы қуанышты жаңалықтың бірі — Колумбияда өткен 56-шы Халықаралық физика олимпиадасында (International Physics Olympiad – IPhO) Нұргүл Егембергенованың алтын медаль жеңіп алуы. Ол осы жетістігінің арқасында әлемдегі ең беделді техникалық жоғары оқу орындарының бірі — Massachusetts Institute of Technology (MIT) университетінің грантын иеленді. Биылғы олимпиада Қазақстан құрамасы үшін тарихи нәтижемен аяқталды. Ел намысын қорғаған бес оқушының барлығы алтын медаль иеленіп, ұлттық құрама өз тарихында алғаш рет Халықаралық физика олимпиадасын бес алтынмен қорытындылады. Ал Нұргүл Қазақстан тарихында осы додада алтын алған алғашқы қазақ қызы атанып отыр. Бір қызығы, былтыр Францияда өткен Халықаралық физика олимпиадасында Нұргүл қола медаль жеңіп алған. Сол жетістігінен кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, Мемлекет басшысының құттықтауын қабылдап, екі миллион теңге көлемінде ақшалай сыйақыға ие болған.

Әрбір зор жетістіктің тарихына үнілсеңіз, оның артында тек бір адамның ғана емес, бірнеше жанның қолдауы, сенімі мен төгілген мандай тері жатқанын көреміз. Нұргүлді бұл олимпиадаға дайындаған жетекшісі Арнұр Қазыбеков дарынды оқушының физикаға қызығушылығын және ерекше қабілеттерін басында-ақ байқаған. Айтуынша, олимпиада үздігі — дайын формуланы жаттауға емес, әр құбылыстың табиғатын түсінуге тырысатын қыз.

Біз Арнұр мырзамен сөйлескенімізде, ол Колумбия төрінде жеңімпаз ретінде өз оқушысының есімі жарияланған сәттегі қуанышында шек болмағанын айтты.

— Бұл сәтті сөзбен жеткізу қиын. Әрине қуаныш болды, мақтаныш болды. Бірақ ең алдымен көз алдымнан дайындықтың бүкіл жолы өтті. Ұзақ айлар бойы бірге еңсерген қиындықтар, жүздеген есеп, эксперименттер, талдаулар еске түсті. Қазақстанның Туы көтерілгенде бұл жеңіс тек Нұргүлдің ғана емес, оны тәрбиелеген ата-анасының, ұстаздарының және еліміздің ортақ жетістігі

Соңғы уақытта отандық білім кеңістігінде жағымды жаңалықтар көбейді. Әлемдік аренада топ жарып, халықаралық деңгейдегі ең ауқымды жарыстардан олжалы оралып жүрген жас білімпаздардың қатары күн санап артып келеді. Бүгінде мыңнан оза шапқан қазақстандық оқушылар жаһанның ең үздік жүйріктерімен иық тірестіріп, бәсекеге түсуге толық қауқарлы екенін дәлелдеп отыр.

ДАРЫНДЫ ӨРЕН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ



екенін сезіндік. Осындай сәттер мұғалім мамандығын таңдағаныңның ең үлкен сыйы сияқты, — дейді ол.

Халықаралық физика олимпиадасы (IPhO) — орта мектеп оқушыларына арналған ең беделді халықаралық физика жарысы. Олимпиада жыл сайын әртүрлі елде 9-10 күн бойы өткізіледі. IPhO-ға дайындық қарапайым олимпиада дайындығынан әлдеқайда күрделі. Арнұр Қазыбековтің айтуынша, теорияны тереңдетумен қатар, эксперименттік жұмыстарға ерекше көңіл бөлен. Сонымен қатар Халықаралық олимпиадалардың әр жылындағы тапсырмаларын толық талдап, әр есептің идеясын түсінуге тырысқан. Бұл жердегі жетекші үшін ең маңыздысы — оқушыны жаттанды шешімге емес, жаңа жағдайды талдай алатын деңгейге жеткізу. Себебі халықаралық олимпиадада бұрын көрмеген есептер беріледі. IPhO сияқты додада барлық қатысушы өз елінің ең мықты оқушысы болып келеді. Сондықтан мұнда тек білім ғана жеңіске жеткізбейді. Уақытты дұрыс басқару, кобалжуды жеңу, бірнеше сағат бойы жоғары концентрацияны сақтау өте маңызды.

— Біз дайындық барысында дәл осы дағдыларға да көңіл бөлдік. Мен Нұргүлге әрдайым: «Сен қарсыластарыңмен емес, ең алдымен өзіңмен жарысып отырсың» деп айтамын. IPhO есептері бір тақырыпты



Олимпиадалық қозғалыс оқушыларды тек күрделі есептер шығаруға ғана баулымайды, оларды ерте жастан ғылыми зерттеулермен айналысуға, қиын сәтте тез шешім қабылдауға және бәсекеге қабілетті тұлға болуға шыңдайды.

білуді ғана емес, физиканың бірнеше бөлімін бір уақытта байланыстырып, логикалық ойлауды талап етеді. Кейде дұрыс идеяны табу — есептің жартысын шешкенмен тең. Қазақстанда талантты балалар өте көп. Енді сол талантты халықаралық деңгейге шығару үшін ұзақмерзімді жүйелі дайындық, заманауи зертханалар, тәжірибелі бапкерлер және тұрақты халықаралық тәжірибе қажет. Бір-екі айлық

дайындықпен әлемдік деңгейде жеңу мүмкін емес, — деді жетекші.

Халықаралық олимпиадаға дайындық кезінде оқушының да, жетекшінің де психологиялық дайындығы да маңызды. Өйткені бұл бірнеше жылға созылатын еңбек. Бұл жерде мұғалім тек пәнді үйретуші емес, кейде психолог, кейде мотиватор, кейде ғылыми жетекші рөлін қатар атқарады.

Еліміздің білім саласына үлкен жеңіс әкелуге септігін тигізген Арнұр Қазыбеков спортшылардың жеңісіне қалай қуанатын болсақ, ғылым мен білімде ел намысын қорғап жүрген оқушылардың еңбегін де дәл сондай деңгейде дәріптеуіміз керек деген ойын алға тартты. Өйткені олар Қазақстанның интеллектуалдық болашағын қалыптастырып жатыр. Шынында, осындай мысалдар көбейген сайын ғылымға қызығатын жастардың саны да арта түседі.

Олимпиада шыңын бағындырған Астанадағы NURORDA мектеп-лицейінің оқушысы Нұргүл Егембергенованың өзі бұл жеңіске қалай келгенін еске алып айтып берді. Сөзінен мақсатын анық қоятын, арманына адал қыз екенін байқадық.

— Бар назарымды университеттерге құжат тапсыруға аударғандықтан, халықаралық олимпиадаға қаңтар айында қабылдау процесі аяқталған соң ғана тыңғылықты дайындала бастадым. Сол кезде-ақ алдыма нақты мақсат қойып, алтын алуды көздедім. Меніңше, бұл жолдағы ең басты нәрсе — жүйелі дайындық пен тәртіп. Әр істе нақты жоспар болуы керек және әр күннің соңында өзіне есеп беріп отырған дұрыс. Бұл тарихи жетістік тек менің ғана жеңісім болып қалмай, менен кейінгі қыздардың да үлкен табыстарға жетуіне жол ашса екен деймін. Елімізден халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары жыл сайын шығып, мұндай биік белестер біз үшін қалыпт құбылысқа, игі дәстүрге айналғанын қалаймын, — деді білім бөйгесінің үздігі.

Олимпиадалық қозғалыс оқушыларды тек күрделі есептер шығаруға ғана баулымайды, оларды ерте жастан ғылыми зерттеулермен айналысуға, қиын сәтте тез шешім қабылдауға және бәсекеге қабілетті тұлға болуға шыңдайды. Ғылым мен білімде осындай жарқын белестерді бағындыратын жастарымыз көп болса, еліміздің интеллектуалдық әлеуеті де ешқашан бәсеңдемеуі емес. Ең бастысы, олардың еңбегін уақытында бағалап, спорт чемпиондарындай дәріптей білу. Сонда ғана білім құған ұрпақтың ынтасы артып, халықаралық аренадағы осындай «алтын белестер» Нұргүл армандағандай, біздің қоғам үшін үйреншікті әрі игі дәстүрге айналады.

Дәл осы олимпиаданың 2024 жылы өткен жарысында отандық жас физиктер 4 күміс және 1 қола медаль алса, былтыр 2 күміс және 3 қола медаль болды. Ал биылғы IPhO-2026 көрсеткіш бойынша қазақстандық оқушылар бұрын-соңды болмаған тарихи нәтижеге қол жеткізіп, тұңғыш рет бірден бес алтын медальды жеңіп алды. Бұл айтулы жеңіс отандық білім беру саласының тарихында өшпес із қалдырып қана қоймай, еліміздің білім элитасының әлемдік деңгейде көшбасшы орында тұрғанынан дерек береді.

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Салтан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баир ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4764
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,